

**Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалау құрылымы:**

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «М.Жұмабаев атындағы жалпы білім беретін орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзін – өзі бағалау нәтижелерінің қорытындысы.

**“31 мамыр” 2023 жыл.**

**Т.Жүргенов ауылы**

Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен бекітілген « Білім беру ұйымдарын бағалау өлшем шарттарын бекіту туралы», Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы №473 бұйрығымен бекітілген « Бастауыш , негізгі орта, жалпы орта, техникалық, кәсіптік, орта білімнен кейінгі діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» ҚР оқу ағарту министрлігінің білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің 15.11. 2022жылғы 15 қарашадағы № 17-12-04-6/ 1794 шығыс хатына сәйкес 2023 жылғы 03 сәуір күні өткізілген «М.Жұмабаев атындағы ЖББОМ» КММ-нің мекемесінің педагогикалық кеңес шешімі негізінде өзін – өзі бағалау жұмысын жүргізуді 2023 жылғы 03 сәуір мен 31 мамыр аралығында бекітілген комиссиясымен келесі құрамда өткізілді:

- 1.Издина С.М.- мектеп директоры, комиссия төрағасы
2. Аманшеева А.Ж.- директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
- 3.Абишова Р.С.-мектеп психологы
- 4.Кусегенова Р.У.- директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
5. Кыдралина А.А.-қосымша білім беру педагогы
- 6.Төрежанова А.К.-кәсіподақ ұйымының төрайымы
7. Байгонова Р.Н.-математика пәнінің мұғалімі

## 1. Білім беру ұйымдарының жалпы сипаттамасы

1.1	<b>Білім беру ұйымының аталуы, орналасқан жері (заңды мекен-жайы және нақты орналасқан мекен-жайы)</b> «Ақтөбе облысының білім басқармасының Әйтеке би аудандық білім бөлімі» ММ-нің М.Жұмабаев атындағы жалпы білім беретін орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі 030100, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы, Т.Жүргенов ауылы, Т.Жүргенов көшесі үй № 66,
1.2	<b>Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, web-сайт)</b> <b>Телефон: 8(71339)21686,</b> 8-776-7870776, mhzumabaevsh@yandex.kz. <a href="https://zhumabaev.aitekebi.edu.kz/kz">https://zhumabaev.aitekebi.edu.kz/kz</a>
1.3	<b>Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының ФАӘ және лауазымға тағайындау бұйрығы туралы деректер)</b> Издина Сағыныш Мухидуллаевна 2016 жылдың 29 тамызындағы №163 бұйрығымен «М. Жұмабаев атындағы жалпы орта мектебі» мемлекеттік мекемесіне директор қызметіне тағайындалды.
1.4	<b>Құқық беруші және құрылтайшы құжаттар</b> 1 2021 жылдың 13 қаңтарында ҚР Әділет министрлігі Ақтөбе облысының Әділет департаменті мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама БСН 970740001816
1.5	<b>Рұқсат етуші құжаттар</b> Электрондық нысанда бастауыш білім беру, негізгі білім беру, орта білім беру қызметінің басталғаны туралы лицензия 25.01.2021 жылы № KZ45LAA00020149 Мектепке дейінгі тәрбие және оқу саласындағы қызметті жүзеге асыру туралы хабарлама 25.12.2015 жылы KZ36RVK00006338 берілген.
<b>2. Кадрлық құрамға талдау</b>	
2.1	<b>Тиісті бейін бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі бар педагогтер туралы мәліметтер немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжат, оның ішінде базалық білімі жоқ педагогтер туралы мәліметтер;</b>  <b>2022-2023 оқу жылы.</b> “Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы” Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы №391 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2021 жылғы 14 шілдедегі № 339 бұйрығы негізінде білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тексерілді. Мектептің педагогикалық ұжымының сапалық және сандық құрамының талдауы мектептің қажетті оқу – педагогикалық потенциалымен толық қамтылған. Мектепте Қазақстан Республикасы мемлекеттік стандартымен қарастырылған барлық пәндер жүргізілген. Педагогтердің жеке іс-құжаттары, еңбек және санитарлық кітапшалары талапқа сай келеді. 2022-2023 оқу жылындағы жағдай бойынша <b>бастауыш сыныптарға сабақ беретін (бастауыш мұғалімдері) – 34 мұғалім.</b> Барлығы жоғары білімді. Оның ішінде - “педагог-зерттеуші” – 7 мұғалім, “педагог-сарапшы” – 6 мұғалім, “педагог-модератор” – 12 мұғалім, екінші санатты – 1 мұғалім, санатсыз-8 мұғалім ( <b>санатсыз 8 мұғалімнің 2-еуі жас маман, 2-еуі жетістіктердің аздығына байланысты, 1-еуі ПББ тестінен өтпеді, 3 мұғалім көктемдегі ПББ тестілеуінен «педагог-сарапшы» санатына өтті, қазіргі таңда бұйрықтың шығуын күтуде</b> ) . Сапалық құрам – 38 % құрап отыр. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары бойынша жалпы білім беру ұйымдары үшін - 35%-дан кем болмауы тиіс. Талапқа сәйкес келеді деп бағаланады.

*Бастауыш сынып мұғалімдерінің сапалық құрамы*

Оқу жылы	Жалпы саны	жоғары		1 санат		2санат		Педагог-шебер		Педагог-зерттеуші		Педагог-сарапшы		Педагог-модератор	
2022-2023	34	0	0%	0	0%	1	3%	0	0%	7	21%	6	17%	12	35%

**Негізгі орта білім беру, жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің сапалық құрамы, яғни 5-11 сыныптарға сабақ берген пән мұғалімдері -57. Оның ішінде жоғары білімді – 53 мұғалім, арнаулы орта - 4 мұғалім. Оның ішінде екінші санатты – 2, “педагог-зерттеуші” – 12 мұғалім, “педагог-сарапшы” – 7, “педагог-модератор” – 13 мұғалім, санатсыз-23 мұғалім. Қазіргі таңда санаты жоқ педагогтердің ішінде «педагог – сарапшы санатына – 2, «педагог – модератор» санатына – 4 педагог өтті. Облыстық білім басқармасының бұйрығы күтілуде. Сапалық құрам – 33 % құрап отыр.**

*Негізгі орта білім беру, жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің сапалық құрамы*

Оқу жылы	Жалпы саны	жоғары		1 санат		2санат		Педагог-шебер		Педагог-зерттеуші		Педагог-сарапшы		Педагог-модератор	
2022-2023	57	0	0%	0	0%	1	%		0%	12	21%	9	16%	17	30%

**«М.Жұмабаев атындағы ЖББОМ» КММ-де педагогтер саны – 104, оның ішінде тиісті бейні бойынша жоғары педагогикалық білімі бар педагогтер – 87, магистр дәрежесі бар педагогтер – 4, арнаулы орта білімі бар педагогтер саны – 13, 15 педагог бала күтіміндегі демалыста. Қазіргі таңда 89 педагог жұмыс жасауда.**

Оқу жылы	Педагог кадрлар	Жоғары білімді	Арнаулы орта білімді	Ескерту
2020-2021	99	61	38	
2021-2022	105	89	16	
2022-2023	104	91	13	

2.2 **Мемлекеттік білім беру ұйымы басшыларының үш жылда бір рет аттестаттаудан өткендігі туралы мәліметтер;**

**2022-2023 оқу жылы.** Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 139-бабының 7-тармағына, "Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заң) сәйкес әзірленді, педагогтерді аттестаттау және педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) тәртібін айқындайды. Білім беру ұйымдары басшыларының орынбасарлары – осы Қағидалардың 4-тарауының 2-параграфына сәйкес кезекті аттестаттаудан өткізілген

№	Аты-жөні, тегі	Лауазымы	Жалпы еңбек өтілі	Пед. еңбек өтілі	ББҰ басшысының орынбасары лауазымындағы еңбек өтілі (бар болса)	Санаты
1	Издина Сағыныш Мухидуллаевна	Мектеп директоры	23	23		«педагог зерттеуші» №276. 30.12.2020 Екінші біліктілік санатты басшы 27.12.2021ж №363
2	Аманшеева Агила Жумырқожаевна	Оқу ісінің меңгерушісі	33	33	6 жыл	«педагог зерттеуші» №237. 31.07.2018ж Екінші біліктілік санатты басшының орынбасары 22.07.2021ж №191
3	Абдижалелова Акмарал Жауынбаевна	Оқу ісінің меңгерушісі	24	24	3 жыл	«педагог зерттеуші» №237. 31.07.2018ж
4	Кусегенова Райгул Урынбаевна	мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	31	31	1 жыл	«педагог/сарапшы» №145. 20.07.2018
5	Жолдыбаева Динара Сабитовна	мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	18	18	4 жыл	«педагог- сарапшы» №209. 11.12.2018ж

Көрсетілген кестеге сәйкес мектеп басшысы және басшы орынбасарларының үш жылда бір рет аттестаттаудан өткен, мектеп директоры С.М.Издина екінші біліктілік санатты басшы 27.12.2021ж №363, оқу ісінің меңгерушісі Аманшеева А.Ж. екінші біліктілік санатты басшының орынбасары 22.07.2021ж №191 (аттесттаудан өтпеген 3 мектеп директорының орынбасарлары бар). Мектеп директорының орынбасарлары Абдижалелова А.Ж., Кусегенова Р.У. басшы орынбасары ретінде еңбек өтілі үш жылға толмағандықтан ҚР БҒМ 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына (өзгерістер мен толықтырулар енгізілді) сәйкес аттестаттаудан өтпеген. Тәрбие ісінің орынбасары Жолдыбаева Д.С алдағы оқу жылында аттестаттаудан өтуге өтініш берген.

2.3 ***Кемінде бес жылда бір рет педагогтердің біліктілік санатының деңгейін арттыру/растау туралы мәліметтер;***  
**2020-2021 оқу жылында** барлығы 99 педагог, оның ішінде 15 педагог декреттік демалыста. Бастауыш, негізгі орта білім беру, жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің сапалық құрамы: «педагог-зерттеуші» - 15, «педагог-сарапшы» - 9, «педагог-модератор» - 12, жоғары санатты -3, I санатты- 2, II санатты – 12, санатсыз – 31 педагог болған.  
**2021-2022 оқу жылында** 105 педагог, оның ішінде 16 педагог декреттік демалыста. Бастауыш, негізгі орта білім беру, жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің сапалық құрамы: «педагог-зерттеуші» - 18, «педагог-сарапшы» - 9, «педагог-модератор» - 15, жоғары санатты -1, II санатты – 7 санатсыз – 34 педагог болған.

**2022-2023 оқу жылы.** Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 139-бабының 7-тармағына, "Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заң) сәйкес әзірленді, педагогтерді аттестаттау және педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) тәртібін айқындайды.

Кемінде бес жылда бір рет біліктілік санатынның деңгейін арттыру/растау "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 13317 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылған.

**2022-2023 оқу жылында** аталған бұйрыққа өзгерістер мен толықтырулар енгізілуіне байланысты біліктілік санатын беру немесе растау 2023 жылдың көктемінде өтініш берілген.

«М.Жұмабаев атындағы ЖББОМ» КММ-де 2022-2023 оқу жылында 32 педагог біліктілік санатын алуға өтініш білдірді. Оның ішінде «педагог-зерттеуші санатына» - 10 педагог. «педагог-сарапшы» санатына – 11 педагог, «педагог – модератор» санатына – 11 педагог өтініш берді. Жоғарыда біліктілік санатын алуға өтініш білдірген педагогтердің бірінші кезеңі педагогтің цифрлық профилі – Ұлттық білім беру деректер қоры (бұдан әрі – ҰББДҚ) ақпараттық жүйесіне жүктелген педагогтің электронды деректері қаралды. Нәтижесінде өтініш білдірген педагогтердің төртеуі электронды деректері, яғни «педагог – зерттеуші» санатына – 2 педагог (Қоптлеуова Г.К., Кусегенова Р.У.), «педагог-сарапшы» санатына – 2 педагог (Жумабекова М.Б, Айдаубаев Ж.М.) «өтпеді». Оған білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес аудан (облыстық маңызы бар қала) деңгейінде олимпиадаларға, конкурстарға, жарыстарға, облыс деңгейінде конкурстарға, жарыстарға қатысушы немесе жүлдегер немесе жеңімпаз оқушылардың болмауы себеп болған.

**Қазіргі таңда ПББ тестілеуінен өтіп сертификат алған «педагог – зерттеуші» санатына 6 педагог, «педагог – сарапшы» санатына 6 педагог, «педагог – модератор» санатына 7 педагог бар.**

2.4 ***Кемінде үш жылда бір рет басшы кадрлардың, педагогтердің біліктілігін арттыру туралы мәліметтер.***

Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары ҚР БҒМ 2016 жылғы 28 қаңтардағы №95 бұйрығы ҚР Әділет министрлігінде 2016 жылы 9 наурызда №13420 болып тіркелді. Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 38-1) тармақшасына сәйкес әзірленген және педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру, өткізу тәртібін, сондай-ақ олардың қызметін курстан кейінгі сүйемелдеуді ұйымдастыру, өткізу тәртібін айқындайды. Курстарды өткізу аудиториялық және қашықтықтан оқыту нысандарында әртүрлі бағыттар мен модульдерді игеру арқылы, сондай-ақ оқытатын бейініне сәйкес техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтері үшін кәсіпорындар (ұйымдар) базасында бір рет немесе кезең-кезеңімен жүзеге асырылады.

2020-2021, 2021-2022 оқу жылы өзін-өзі бағалау нәтижесі бойынша біліктілікті арттыру курсынан өту кезінде мұғалімдердің аттестаттаудан өту мерзімдеріне, біліктілік арттыру курсының ерзіміне, сондай-ақ олардың жұмысының нәтижесіне назар аударылған.

2021-2022 оқу жылына арналған перспективалық жоспар негізінде 15 педагог біліктілікті арттыру курсынан өтуі тиіс болған. Осы оқу жылында 80 академиялық сағат көлеміндегі базалық курстан 11 педагог өтті.

**2022-2023 оқу жылы ағымдағы оқу жылына арналған жоспарға сәйкес сұранысқа салынған барлық педагогтер біліктілікті арттыру курсынан өткізілген.**

Оқу жылы	Барлық педагогтер	Базалық курс	Ескерту
2020-2021 о.ж	99	71	Жұмыс жасайтын 84 педагог (оның ішінде 4 тәрбиеші, әлеуметтік педагог, 2 психолог, 2 кітапханашы) , 15 мұғалім декреттік демалыста.
2021-2022 о.ж	105	80	Жұмыс жасайтын 90 педагог (2 кітапханашы, әлеуметтік педагог, 2 психологты қоса алғанда), 16 мұғалім декреттік демалыста, соның ішінде 14 мұғалім еңбек өтілінің сәйкес келмеуіне байланысты өтпеді.
2022-2023 о.ж	104	88	Жұмыс жасайтын 89 педагог (2 кітапханашы, әлеуметтік педагог, 2 психологты қоса алғанда) 15 мұғалім декреттік демалыста, соның ішінде 1 мұғалім жас маман болуына байланысты курстан өтпеді.

Біліктілік арттыру курсынан өту бойынша бастауыш деңгейде 100 %, орта деңгейде 98 % құрап тұр. 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарындағы басшы кадрлардың үш жылда бір рет біліктілік арттыру курсы бойынша

Оқу жылы	Мектеп директоры	Директордың оқу ісі орынбасарлары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
2020-2021 оқу жылы		Аманшесева Агила Жұмырқожаевна «Білім мазмұнын жаңарту жағдайында білім беру ұйымдарының педагогикалық менеджменті 07.08.2020 ж	
2021-2022 оқу жылы	Издина Сағыныш Мухидуллаевна «Мектепті басқарудағы инновациялық менеджмент» 11.02.2021 ж		
2022-2023 оқу жылы		Аманшесева Агила Жұмырқожаевна «Білім беруді цифрлық трансформациялау	Кусегенова Райгуль Урынбаевна «Білім мазмұнын жаңарту жағдайында білім берудегі менеджмент» 20.01.2023 Жолдыбаева Динара Сабитовна

			жағдайындағы инновациялық менеджмент» 19.05.2023 ж Абдижалелова Акмарал Жауынбаевна «Білім мазмұнын жаңарту жағдайында білім берудегі менеджмент» 20.01.2023	«Білім мазмұнын жаңарту жағдайында білім берудегі менеджмент» 20.01.2023	
--	--	--	---	---	--

**3.Білім алушылар контингенті Білім алушылар контингентінің сандық құрамы:  
2020 - 2021 оқу жылы бойынша білім алушылар контингентінің құрылымы**

№	Контингент құрылымы	Бастауыш мектеп		Негізгі мектеп		Орта мектеп		Мектеп бойынша барлығы	
		сыныптар дың жалпы саны	білім алушыла р саны	сыныптар дың жалпы саны	білім алушыла р саны	сыныптар дың жалпы саны	білім алушыла р саны	сыныптар дың жалпы саны	білім алушы лар саны
	жалпы білім беретін сыныптар					33	641	33	641

2020-2021 оқу жылы бойынша барлығы 641 оқушы, 1-4 сыныпта-279, 5-9 сыныпта-295, 10-11 сыныпта-74 оқушы оқу жылын бастады.

**2021 - 2022 оқу жылы бойынша білім алушылар контингентінің құрылымы**

№	Контингент құрылымы	Бастауыш мектеп		Негізгі мектеп		Орта мектеп		Мектеп бойынша барлығы	
		сыныпта рдың жалпы саны	білім алушыла р саны	сыныпта рдың жалпы саны	білім алушыла р саны	сыныптард ың жалпы саны	білім алушылар саны	сыныпт ардың жалпы саны	білім алушы лар саны
	жалпы білім беретін сыныптар					34	683	34	683

2021-2022 оқу жылы бойынша барлығы 683 оқушы, 1-4 сыныпта-280, 5-9 сыныпта-329, 10-11 сыныпта-74 оқушы оқу жылын бастаған.

**2022 - 2023 оқу жылы бойынша білім алушылар контингентінің құрылымы**

№	Контингент құрылымы	Бастауыш мектеп		Негізгі мектеп		Орта мектеп		Мектеп бойынша барлығы	
		сыныптардың жалпы саны	білім алушылар саны	сыныптардың жалпы саны	білім алушылар саны	сыныптардың жалпы саны	білім алушылар саны	сыныптардың жалпы саны	білім алушылар саны
	жалпы білім беретін сыныптар					35	713	35	713

2022-2023 оқу жылы 713 оқушы санымен басталды. 1-4 сыныпта 293, 5-9 сыныпта-335, 10-11 сыныпта-85 оқушы оқу жылын бастаған.

- 3.1 **Деңгейлер бойынша, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар контингенті туралы мәліметтер;**  
**Деңгейлер бойынша, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар контингенті туралы мәліметтер**

Мектепте ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушы бастауыш сыныптарда, негізгі орта білім беру сыныптарында және жалпы орта білім беретін сыныптарында 2020-2021, 2021-2022 оқу жылында ерекше білім беруді қажет ететін білім алушы жоқ. 2022-2023 оқу жылында денсаулығына байланысты үйден тегін оқытылатын №315 05.09.2022 ж ДКК қорытындысы бойынша 1 білім алушы тіркелген.

- 3.2 **Сыныптардың толықтығы туралы мәліметтер;**  
2020-2021 оқу жылында барлық класс-комплект саны бастауыш білім беруде – 13, негізгі орта білім беруде – 15, жоғары білім беруде – 5. Барлық класс-комплект-33. Сыныптардың толықтығы төмендегідей:

Сынып	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
Класс - комплект	3	3	4	3	3	4	3	3	2	3	2
Оқушы саны	64	67	77	67	66	75	54	63	34	45	29

2021-2022 оқу жылында барлық класс-комплект саны бастауыш білім беруде – 14, негізгі орта білім беруде – 16, жоғары білім беруде – 4. Барлық класс-комплект – 34. Сыныптардың толықтығы төмендегідей:

Сынып	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
Класс - комплект	4	3	3	4	3	3	4	3	2	3	2
Оқушы саны	77	64	66	77	69	64	78	53	34	45	29



2022-2023 оқу жылында барлық класс-комплект саны бастауыш білім беруде – 14, негізгі орта білім беруде – 17, жоғары білім беруде – 4. Барлық класс-комплект -35. Сыныптардың толықтығы төмендегідей:

Сынып	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
Класс - комплект	4	4	3	3	4	3	3	4	3	3	1
Оқушы саны	72	83	65	73	73	68	61	76	57	55	30

### 3.3 Білім алушылардың контингентігінің қозғалысы туралы мәліметтер

**2020-2021** оқу жылы бойынша барлығы 641 оқушы, 1-4 класта 275, 5-9 класта 292, 10-11 класта 74 оқушы оқу жылын бастады. Жыл бойы келген оқушы - 7, 1-4 класс аралығына - 4 оқушы, 5-9 класс аралығына - 3 оқушы келген. Олар: Ақылбекова Зулфия 2 «б» сыныбына Талдысай ЖОББМ 17.11.2021ж №5, Зинабдинова Дильназ 6 «а» сыныбына Белқопа ЖОББ мектебінен 08.01.2021ж №7, Оразбай Әділбек 4 «б» сыныбына Ақтобе қаласынан №47 23.02.21ж №10, Әкімгерей Алихан 1 «ә» сыныбына Қарағанды облысы Саран мектебінен №16 ЖОББМ 01.04.2021ж №15, Нұрлыбекұлы Нұрәлі 3 «в» сыныбына Қарағанды облысы Саран мектебінен 01.04.2021ж №15, Шишкина Зухра 6 «а» сыныбына Талдысай ЖОББ мектебінен 01.04.2021ж №16, Әбдіжаппаров Данияр 9 «ә» сыныбына «М Арын ҚҚОМ» КММ 22.04.2021ж №17 бұйрығымен ауысып келді.

Кеткен оқушы саны 9. Олар: Өмірсеріков Аян 2 «ә» сыныбынан 09.03.2021ж №133, Зинабдинова Д 6 «а» сыныбынан Белқопа ЖОББ мектебіне 28.09.20ж №2, Сағатдинов Сағатқали 6 «ә» сыныбынан Ақтөбе №65 орта мектебіне 11.01.2021ж №8, Карагулова Айгерім 7 «ә» сыныбынан Ақтөбе №65 орта мектебіне 11.01.2021ж №8, Акансері Айтолқын 7 «а» сыныбынан Ақтөбе «Vilim Aktobe» мектебіне 02.03.2021ж №11, Рахатова Айкөркем 8 «ә» сыныбынан «Vilim Aktobe» мектебіне 03.03.2021ж №12, Шүіншин Нұрсәтбек 5 «ә» сыныбынан «Vilim Aktobe» мектебіне 09.03.2021ж №14, Бекмурат Нұрдәулет 5 «ә» сыныбынан Ақтөбе №1 орта мектебіне 12.05.2021ж №19 бұйрығымен ауысып кетті. 2020-2021 оқу жылын 1-11 сынып аралығында - 639 оқушы аяқтады.

**2021-2022** оқу жылы бойынша барлығы 683 оқушы, 1-4 класта 280, 5-9 класта 329, 10-11 класта 74 оқушы оқу жылын бастады. Жыл бойы 1-4 класс аралығына 9 оқушы келді, 5-9 класс аралығына келген оқушы саны - 9, 10-11 класс аралығына келгені - 1. Барлығы 19 оқушы келген.

Күншығар Сұлтан 1ә Т Жүргенов ЖББОМ 22.11.2021ж б№14, Қуатқызы Қарақат 1ә-кл, Т Жүргенов ЖББОМ 17.01.2022ж б№18, Жаңбырбай Нұрхан 1а-кл, Әйке ЖББОМ 19.01.2022ж б№21, Қуанышбай Батыр 1в-кл, Талдысай ЖББОМ 18.01.2022ж б№20, Темірбекова Еркеназ 2б-кл, Маңғыстау Ақтау №8 ЖББОМ 05.11.2021ж б№13, Күншығар Аян 3б-кл, Т Жүргенов ЖББОМ 22.11.2021ж б№14, Нұрабай Нұрым 3ә-кл, Т Жүргенов ЖББОМ 17.01.2022ж б№18, Жаңбырбай Нұртілек 3а-кл Әйке ЖББОМ 19.01.2022ж б№21, Темірбек Мирас 4б-кл, Маңғыстау Ақтау №8 ЖББОМ 05.11.2021ж б№13 (5-9 класс аралығына келген оқушы саны - 9 (Нұрабай Нұрбек 5б-кл Т Жүргенов ЖББОМ 17.01.2022ж б№18, Сағдатқызы Ақмарал 7а-кл, Т Жүргенов ЖББОМ 04.10.2021ж б№9, Қанышқызы Әдемі 7а-кл, Ақтөбе 4.11.2021ж б№11 Бақыт Нұрасыл 8а-кл, Т Жүргенов ЖББОМ 21.02.2022ж б№23, Күншығар Ардана 8а-кл, Т Жүргенов ЖББОМ 03.12.2021ж б№15 Қанышқызы Аяулым 8б-кл, Ақтөбе 04.11.2021ж б№11, Жандосқызы Жангул Ақтобе Қурайлы 17.01.2022ж б№19, Күншығар Диана Т Жүргенов ЖББОМ, 25.11.2021ж б №14, Ғабиденұлы Манарбек 9б-кл, Ақтөбе Есет батыр 10.03.2022ж б№25), 10-11 класс аралығына келгені - 1 (Рахиева Айбану. 10а-кл, Т Жүргенов ЖББОМ 17.01.2022ж б№17). Кеткені - 1.

Болатбай Олжас( қайтыс болғандығы туралы анықтама 25.10.2021 ), Оқу жылының аяғын 701 оқушы аяқтады.

**2022-2023** оқу жылы 713 оқушы санымен басталды. Жыл бойы келген-12 ,кеткені-12

1-11 класс аралығынан Тыныштықбай Н 4а-класы (Ақтөбе 31ҚОМ09.11.2022ж б№ 10), Құлмұхамбет О 8в-класы (Ақтөбе №73 ЖББОМ 30.11.22ж б№12) Құлмұхамбет С 2ә-класы (Ақтөбе №73 ЖББОМ 30.11.22ж б№12) Қуанышбай Б 2в-класы (Ақтөбе №31ҚОМ06.01.2023ж б№ 14) Есенгельдина А 1а-кл,( Ақтөбе №73 ЖББОМ 06.01.23ж б№ 14) Зинабдинова Д 8а-кл(Ж Сарсенов ЖББОМ 09.01.23ж б№15), Зинабдин Айтөре 4а-кл,

( №74 ЖББОМ Ақтөбе 09.01.23ж б№15), Егінбай Ж 2в-кл, (№48 ОМ Ақтөбе11.01.23ж б№17), Бақи Рамазан 7а-кл,( Шұбарқұдық гимназия 20.01.23ж б№18) Аутаев Аян ба-кл, (Ақтөбе №45 ЖББОМ 24.01.23ж б№ 19) Салманова Амина 1ә-кл,( Шымкент Қаратау28.03.2023ж б№21), Нұрболатұлы Сержан 1б-кл,( Ақтөбе №53 Қарғалы 09.01.23жб№16) барлығы 12 оқушы кетті. 1-11 класс аралығында келген оқушылар: Дәулетұлы Нұрсұлтан 4б-кл,( Т Жүргенов ЖББОМ 03.11.2022ж б№ 6) Алмасбек Альтаир 3а-кл, Шымкент №24ІТ мектеп-лицей 03.11.2022ж б№ 7), Алмасбек Алия Шымкент №24 ІТ мектеп-лицей, 03.11.2022ж б№7), Бахыт Ақылбек 4ә-кл, (Т Жүргенов ЖББОМ 07.11.2022ж б№8), Бақыт Әлішер 2ә-кл,( Т Жүргенов ЖББОМ 07.11.2022ж б№8), Медетхан Мейірхан 6б-кл,( Басқұдық ЖББОМ09. 11.2022ж б№11), Измуратов Санжар 2в,( Басқұдық ЖББОМ 09.11.2022ж б№11) Бөкембаева С 4а-кл,(Ақтөбе Д.Қонаев ат ЖББОМ 04.01..2023ж б№ 13) Бөкембаева С 6б-кл,( Ақтөбе Д.Қонаев ат. ЖББОМ 04.01.2023ж б№13) Жарыков АдильМансур 5ә-кл,( Бозай ЖББОМ Шалқар 14.02.23ж б№19), Ғариполла Сабина 3а-кл, Комсомол СШ 24.03.2023 б№21, Нұрболатұлы Сержан 1б-кл,( Ақтөбе №53 Қарғалы 20.01.23ж б№20) барлығы -12 оқушы. Оқу жылының соңында 713 оқушы. Негізгі орта білімді 57 оқушы, жалпы орта білімді 30 оқушы аяқтап, есептен шығарылған

#### 4.Оқу-әдістемелік жұмыс

#### 4.1 Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру мазмұнына өлшемшарттар:

*«М.Жұмабаев атындағы жалпы білім беретін орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру кезінде 2020-2021 оқу жылында «Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезінде білім беру ұйымдарында оқу процесін жүзеге асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 13 тамыздағы №345 әдістемелік ұсынымдар; «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық - эпидемиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 611 бұйрығы басшылыққа алынған.*

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 2 шілдедегі № 3 «Оқу-тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметінің және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы негізінде ҚР БҒМ 2018 жылғы 4 қыркүйектегі № 441 бұйрығының 1-4, 5-9,10-11 кластарға арналған оқу жүктемесі педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен қамқоршылық кеңестің келісімімен шешім қабылданып оқу жұмыс жоспары жасалынған.

***1-4 сыныптарда білім беру процесі төмендегі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асырылған:***

ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (2020 жылғы 5 мамырдағы №182 өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

ҚР БҒМ 2018 жылғы 4 қыркүйектегі №441 бұйрығына 1- қосымшаға сәйкес ,оқыту қазақ тілінде жүргізілетін бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары;

ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 6-қосымша оқыту қазақ тілінде жүргізілетін бастауыш білім берудің (жанартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспары.

**5-9,10,11-сыныптарда білім беру процесі:**

- ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (2020 жылғы 5 мамырдағы №182 өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);
- ҚР БҒМ 2018 жылғы 4 қыркүйектегі №441 бұйрығына 22- қосымшаға сәйкес ,оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары ;
- ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 16- қосымшаға оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған негізгі орта білім берудің (жанартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспары ;
- ҚР БҒМ 2018 жылғы 4 қыркүйектегі № 441 бұйрығына 11- қосымшаға оқыту қазақ тілінде жүргізілетін негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары ;
- ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген жалпы орта білім берудің (жанартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспарлары (2019 жылғы 15 мамырдағы № 205 бұйрығы, 120 қосымша ;
- ҚР БҒМ 2018 жылғы 4 қыркүйектегі № 441 бұйрығына 19- қосымшаға сәйкес оқыту қазақ тілінде жүргізілетін ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушыларға арналған негізгі орта білім берудің (жанартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспары ;
- ҚР БҒМ 2014 жылғы 15 шілдедегі № 281 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламалары негізінде вариативті компоненттен 9-сыныптар үшін «Зайырлылық және дінтану негіздері» курсы 1 сағат апталық жүктеме жүргізіледі.

10-11-сыныптарда «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша оқыту ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен, (2020 жылғы 21 сәуірдегі №154 «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша енгізілген өзгерістермен») 10-сыныпта – аптасына 1 сағат, жылына 34 сағат, далалық оқу жиынына (лагерьлік) вариативті бөлімнен 30 сағат оқытылады.

**2020-2021** оқу жылында бастауыш білім беруге **350** сағат, негізгі орта білім беруге **514** сағат, жалпы орта білім беруге **195** сағат, барлық 1-11 сыныптарға апталық жүктеме **1059** сағат, жылдық **35934** сағат беріліп, бекітілген.

Пәндерді таңдау арқылы бейінді білім алушылардың өздері анықтаулары нәтижесінде 10-11 сыныптарында оқушылардың таңдауы арқылы жүргізілген тереңдетілген деңгейдегі физика, география, химия, биология пәндері және стандартты деңгейдегі дүниежүзі тарихы, «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәндері оқу жоспарына енгізілген. Соның ішінде жаратылыстану-математикалық бағытта бейінді пәндерді таңдау арқылы тереңдетілген деңгейдегі физика-10 «ә», «б», 11 «а», «ә» сыныптарына 16 сағат, 10 «а» сыныбына химия-4сағат, биология 10 «а», 11 «ә» сыныптарына 8 сағат, география 10 «ә», «б», 11 «а» сыныптарына 12 сағат, тереңдетілген деңгейдегі пәндерге барлығы 40 сағат. Стандарттық деңгейдегі пәндерге соның ішінде дүниежүзі тарихы 10 «а» сыныбында -2сағат, «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәніне 10 «ә», 10 «б», 11 «а», 11 «ә» сыныптарына 8 сағат, барлығы стандарттық деңгейдегі пәндерге-10 сағат.

Сонымен қатар 2020 жылғы 28 тамыздағы №372 бұйрығының 42 тармағының 5 тармақшасында карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайда барлық оқу пәндері бойынша сыныпты топтарға бөлу, бір сыныпта 15 білім алушыға дейінгі толымдылықты сақтай отырып, «Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидалары 2017 жылғы 16 тамыздағы №611 бұйрығының 188 және 199

пункттері негізге алынып, санитарлық қауіпсіздік шараларын қатаң сақтай отырып, «Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезінде білім беру ұйымдарында оқу процесін жүзеге асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы «13» тамыздағы №345 бұйрығын негізге ала отырып, мектепалды даярлық және 1-4 класс оқушыларының ата – аналарының өтініші бойынша штаттық режимде 15 білім алушыдан аспайтын кезекші топтар ашылған. Кезекші тобы – 12.

«1 сынып-1 мұғалім» қағидасымен негізгі оқу пәндерін оқыта отырып, 1 сыныптың кезекші тобына аптасына сауат ашу 6 сағат, математика 4 сағат, жаратылыстану 1 сағат, дүниетану 1 сағат, барлығы 12 сағат жалпы 1-ші кластың 3 тобына 49 сағат берілген.

2 сыныптың кезекші тобына аптасына қазақ тілі 4 сағат, әдебиеттік оқу 3 сағат, математика 4 сағат, жаратылыстану 1 сағат, дүниетану 1 сағат, барлығы 13 сағат, жалпы 2-ші кластың 3 тобына 39 сағат берілген.

3 сыныптың кезекші тобына аптасына қазақ тілі 4 сағат, әдебиеттік оқу 3 сағат, математика 5 сағат, жаратылыстану 2 сағат, дүниетану 1 сағат, барлығы 15 сағат, жалпы 3 кластың 3 тобына 45 сағат берілген.

4 сыныптың кезекші тобына аптасына қазақ тілі 4 сағат, әдебиеттік оқу 3 сағат, математика 5 сағат, жаратылыстану 2 сағат, дүниетану 1 сағат, барлығы 15 сағат, жалпы 4 кластың 3 тобына 45 сағат берілді. Барлық кезекші топтарға аптасына 178 сағат берілген.

**2021-2022** оқу жылында ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы (2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрықпен өзгертулер мен толықтырулар енгізілген), 2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына (ҚР ОА министрінің 2022 жылғы 30.09 №412) енгізілген өзгертулермен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына және МЖМБС талаптарына сәйкес жасалған. 1-11-сыныптарға арналған оқу жұмыс жоспарларында оқу пәндері мен сағат сандары үлгілік оқу жоспары бойынша құрылған. Үлгілік оқу жоспарларына сәйкес оқу жұмыс жоспарында бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлері бойынша апталық жүктеме білім беру салалары бойынша пәндермен сәйкес берілген. Оқу пәндерінің (сабақ) тізбесі апта бойынша жұмыс оқу жоспарына сәйкес регламенттеліп, барлық білім алушылар оқып білуге міндетті оқу пәндері мен білім алушылардың қажеттіліктеріне сәйкес білім беру ұйымы айқындаған құрамдас компонент жұмыс оқу жоспарында бекітілген. 10 -11 сынып оқушыларының өтініштері арқылы жаратылыстану-математикалық бағытта оқытылған. 2021-2022 оқу жылында бастауыш білім беру деңгейіндегі ерекшеліктердің бірі – 1-сыныпта әліппеге дейінгі кезең және әліппе кезеңі «Әліппе» пәні, әліппеден кейінгі кезең «Ана тілі» пәні арқылы жүзеге асады.

«ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2020 жылғы 5 мамырдағы № 182 бұйрығының 14-тармағында бастауыш сыныптағы «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәнінің атауы «Цифрлық сауаттылық» болып өзгертілді. Пән мазмұны мен оқу жүктемесі өзгертілген жоқ.

«Цифрлық сауаттылық» пәнін оқыту 2020 жылғы 27 қарашада бекітілген № 496 «ҚР БҒМ кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» бұйрығына сәйкес жүргізілетін болады (2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына (188-2к қосымша), 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығына (4-қосымша) өзгерістер енгізілді). «Цифрлық сауаттылық» оқу пәні 1-сыныпта 2022 жылдың 1 қаңтарынан енгізіледі. 2021-2022 оқу жылында 3-сыныпта «Цифрлық сауаттылық» оқу пәні 2021 жылдың 1 қыркүйегінен оқытылады.

**2021-2022** оқу жылында бастауыш білім беруге **351** сағат, негізгі орта білім беруге **535** сағат, жалпы орта білім беруге **152** сағат, барлық 1-11 сыныптарға апталық жүктеме **1038** сағат, жылдық **35202**

сағат беріліп, бекітілген. Пәндерді таңдау арқылы бейінді білім алушылардың өздері анықтаулары нәтижесінде өткен 2020-2021 оқу жылында 10-сыныпта оқушылардың таңдауы арқылы жүргізілген тереңдетілген деңгейдегі физика, география, химия, биология пәндері және стандартты деңгейдегі дүниежүзі тарихы, «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәндері 11-сыныптың оқу жоспарына енгізілді. Тереңдетілген деңгейде 11 «а» сыныбына химия 4сағат, биология 4 сағат, стандарттық деңгейде дүниежүзі тарихы 2 сағат, 11 «ә» физика 4 сағат, география 4 сағат, кәсіпкерлік және бизнес негіздері 2 сағат, барлығы тереңдетілген деңгейге 16 сағат, стандарттық деңгейге 4 сағат берілген.

2021-2022 оқу жылында 1-4 сыныптарға ҚР МЖМБС-2015 сәйкес жаңартылған білім мазмұны бойынша пәндер оқытылады. Жұмыстық оқу жоспарында 1-4-сыныптарға арналған оқу пәндері инвариантты компонентте 6 білім салаларына бөлінген: «Тіл және әдебиет», «Математика және информатика», «Жаратылыстану», «Адам және қоғам», «Технология және өнер», «Дене шынықтыру». Еліміздің жалпы білім беру ұйымдарының бастауыш мектептерінде оқу процесі ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген (2020 жылғы 5 мамырдағы №182 өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) Мемлекеттік жалпыға міндетті бастауыш білім беру стандартына сәйкес жүзеге асырылады.

2021-2022 оқу жылында бастауыш білім беру деңгейіндегі ерекшеліктердің бірі – 1-сыныпта әліппеге дейінгі кезең және әліппе кезеңі «Әліппе» пәні, әліппеден кейінгі кезең «Ана тілі» пәні арқылы жүзеге асады.

«ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2020 жылғы 5 мамырдағы № 182 бұйрығының 14-тармағында бастауыш сыныптағы «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәнінің атауы «Цифрлық сауаттылық» болып өзгертілді. Пән мазмұны мен оқу жүктемесі өзгертілген жоқ.

«Цифрлық сауаттылық» пәнін оқыту 2020 жылғы 27 қарашада бекітілген № 496 «ҚР БҒМ кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» бұйрығына сәйкес жүргізілетін болады (2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына (188-2к қосымша), 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығына (4-қосымша) өзгерістер енгізілді). «Цифрлық сауаттылық» оқу пәні 1-сыныпта 2022 жылдың 1 қаңтарынан енгізіледі. 2021-2022 оқу жылында 3-сыныпта «Цифрлық сауаттылық» оқу пәні 2021 жылдың 1 қыркүйегінен оқытылады.

2021-2022 оқу жылында 5-9 сыныптарға ҚР МЖМБС-2016 сәйкес жаңартылған білім мазмұны бойынша пәндер оқытылады. Жұмыстық оқу жоспарында 5-9 сыныптарға арналған оқу пәндері инвариантты компонентте 6 білім салаларына бөлінген: «Тіл және әдебиет», «Математика және информатика», «Жаратылыстану», «Адам және қоғам», «Технология және өнер», «Дене шынықтыру», «Тіл және әдебиет білім саласына «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті», «Орыс тілі мен әдебиеті», «Шетел тілі» (ағылшын тілі) пәндері, «Математика» білім саласына «Математика», «Алгебра», «Геометрия», «Информатика» пәндері, «Жаратылыстану» білім саласына «Жаратылыстану», «География», «Биология», «Физика», «Химия» пәндері кіреді. «Адам және қоғам» білім саласына «Дүние жүзі тарихы», «Қазақстан тарихы», «Өзін-өзі тану» пәндері, «Технология және өнер» білім саласына «Музыка», «Көркем еңбек» пәндері, «Дене шынықтыру» білім саласына «Дене шынықтыру» пәні кіреді.

2021-2022 оқу жылында жалпы білім беретін мектептердің 5-9 сыныптарында 2021-2022 оқу жылында мектептердің дайындығына (кадрлық, ресурстық және т.б.) байланысты вариативтік компонент сағаттарының есебінен «Жаһандық құзыреттіліктер» курсы және басқа да элективтік курстар алынды. Аталған курс білім алушылардың 21 ғасыр дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі. «Жаһандық құзыреттіліктер» (аптасына 1 сағат) курсына: - 5-сыныпта «Парасаттылық және әдеп»; - 6-

сыныпта «Экология» курстары таңдалды, 8- сыныпта «Медиасауаттылық»; 9-сыныпта қолданыстағы «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнінің бағдарламаларымен оқыту жалғастырылады.

«Өмір қауіпсіздік негіздері» оқу курсының мазмұны 5-9 сыныптарда «Дене шынықтыру» оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесін дене шынықтыру мұғалімнің оқытуымен іске асырылады.

«Жол қозғалысы ережелері» оқу курсының мазмұны 5-9 сыныптарда аталған оқу курсы сыныптан тыс уақыттарда сынып сағаты есебінен әрбір сыныптарда 10 сағат көлемінде іске асырылады.

2021-2022 оқу жылынан бастап қоғамдық танымды жаңғыртуды жүзеге асыру аясында «Қазақстан тарихы», «Қазақ әдебиеті», «География», «Музыка» пәндерін толықтыратын және туған өлкенің тарихын, табиғатын, мәдениетін зерттеуге ықпал ететін кіріктірілген «Өлкетану» оқу бағдарламасы енгізіліп, 5,6,7 сыныптарда оқытылған.

Жаңартылған білім мазмұндағы Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартымен оқитын 10, 11-сыныптарда оқу процесі жаңартылған білім мазмұны бойынша ұйымдастырылды.

Мектептің педагогикалық кеңесінің шешімімен 10-сыныпта «ҚР бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығына 100-қосымша «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математика бағыты бойынша жалпы орта білім берудің (жаңартылған мазмұнының) үлгілік оқу жоспары» таңдалып, жұмыс жоспары құрылды. Сонымен қатар 10-сыныпта элективті курс, 11-сыныпта «Абайтану» элективті курсын жалғастыру үшін 1 сағат берілді. 10-сыныпта «Жаһандық құзіреттілік» курсынан қолданыстағы бағдарламамен 1 сағат «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» курсы оқытылады.

Жалпы орта білім мазмұны бойынша 11-сыныпта «ҚР бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрығына [100-қосымша](#) «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математика бағыты бойынша жалпы орта білім берудің (жаңартылған мазмұнының) үлгілік оқу жоспары» арқылы оқу жұмыс жоспары құрылды.

**2022-2023 оқу жылында** М.Жұмабаев атындағы жалпы орта білім беретін мектеп» КММ оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру үшін төмендегі нормативтік құқықтық актілерді негізге ала отырып, жұмыс оқу жоспары жасалды.

ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына (ҚР ОА министрінің 2022 ж 12.08. №365 бұйрығымен енгізілген өзгертулер) **1-қосымша 1-4** кластар үшін; **6-қосымша 5-9** кластар үшін **86-қосымша 10,11**-кластар үшін негізгі үлгілік оқу жоспарымен педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен қамқоршылық кеңестің келісімімен шешім қабылданып жұмыс оқу жоспары әзірленген.

Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру үшін ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының 2-қосымшасы «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, 3-қосымшасы «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 4-қосымшасы «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты»

ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығына 53 – қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 53 – қосымша «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін үйде оқитын білім алушыларға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары»;

«Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы;

Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2022-2023 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хаты

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының ғылыми әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылған. (2022жылғы 21шілдедегі №8 хаттама)

2022-2023 оқу жылында М.Жұмабаев атындағы жалпы орта білім беретін мектеп» КММ оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру үшін төмендегі нормативтік құқықтық актілерді негізге ала отырып, жұмыс оқу жоспары жасалды. «ҚР бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрығына [100-қосымша](#) «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математика бағыты бойынша жалпы орта білім берудің (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспары негізге алынып жасалды. 2022-2023 оқу жылында бастауыш білім беруге **330** сағат, негізгі орта білім беруге **526** сағат, жалпы орта білім беруге **140** сағат, 1-11 сыныптарға барлық апталық жүктеме **996** сағат, жылдық жүктеме **35778** сағат беріліп, бекітілген. Оқу үдерісін ұйымдастыру оқу жоспары және сабақ кестесімен реттелген.

Оқу-тәрбие үрдісінің жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес әзірленген.

2020-2021, 2021-2022 оқу жылы оқу мерзімі 34 аптамен, 1 сыныптар- 33 аптамен, 2022-2023 оқу жылы оқу мерзімінің 36 апта болуына байланысты 1 сыныптар 35 аптамен сабақ кестесі жасалып, бекітілген. Кестеде аптадағы өтілетін пәннің атауы мен реті, сыныбы көрсетілген. Сабақ кестесі оқу жоспарына сәйкес жасалған. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша берілген пәндер кестеде қамтылған. Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары, мектептің материалдық-техникалық базасы мен кадр ресурстары қаралған. Білім алушылардың бір күндік және апта ішіндегі ой еңбегінің жұмысқа қабілеттілігі динамикасы ескерілген. «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» Санитариялық қағидаларының 4-қосымшасына сәйкес пәндерді қиындығына қарай саралап сабақ кестесі құрылған (ҚР ДСМ 2021 жылғы 5 тамыздағы №76 бұйрығы). Сабақ кестесінде 2020-2021 оқу жылында 1059 сағат, 2021-2022 оқу жылында 1038 сағат, 2022-2023 оқу жылында 996 сағат апталық жүктеме қамтылған. Оқу-тәрбие үрдісінің жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес әзірленген.

Сабақ кестесін құрған кезде 1 күн және 1 аптаның ішіндегі оқушылардың ақыл-ой еңбегіне қабілеттілік серпіні ескерілген және осы санитариялық қағидаларының 4 қосымшасына сәйкес, қиындық бойынша пәндерді саралау кестесі, жалпы білім беретін оқу жүктемесінің нормалары осы санитариялық қағидалардың 3 қосымшасына сәйкес сақталған. I ауысым сабақ таңғы 8:00-де, II ауысым 14:00- де басталады. Сабақтың ұзақтығы 45 минут. Үзіліс уақыты талапқа сай, үлкен үзіліс 15 минут сақталған (қосымша 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылында сабақ кестесінің көшірмесі берілген).

4.2 **Жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру;**

Оқу үдерісі білімнің үш деңгейіндегі жалпы білім беру бағдарламаларының деңгейіне сәйкес жүзеге асырылған. Инвариантты және вариативтік оқу, тандауы бойынша, белсенді – қозғалмалы сипаттағы

жеке және топтық сабақтар, барлық элементтері мемлекеттік бағдарламалармен қамтамасыз етілген. 2020-2021, 2021-2022 оқу жылында оқу процесі «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы (өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы) негізінде жүзеге асырылған. 10-11-сыныпта оқу процесі «ҚР БҒМ 2017 жылғы 27 шілдедегі № 352 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламасы» және «ҚР БҒМ 2017 жылғы 27 шілдедегі № 352 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» ҚР БҒМ 2019 жылғы 7 наурыздағы №105 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 12 наурызда № 18382 болып тіркелді) бекітілген Ұзақ мерзімді жоспар негізінде жүзеге асырылады. Күнтізбелік-тақырыптық жоспар «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығы (өзгерістермен және толықтыруларымен 2020 жылғы 27 қарашадағы №496 бұйрық) негізінде оқытылған.

Жаңартылған білім мазмұны бойынша білім беруді ұйымдастыруда оқу бағдарламасы пәндер бойынша ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес жүзеге асырылды. Ұзақ мерзімді жоспарға сыныптар мен тоқсандар бойынша оқыту мақсаттары енгізілген. Орта мерзімді жоспарларда белгіленген мерзімнің негізгі міндеттері тұжырымдалады. Әр тоқсанның немесе бөлімнің тақырыптары көрсетілген. Сонымен қатар дағдылар, оқыту мақсаттары, сабақта ұсынылатын іс-әрекет түрлері, оқу ресурстары берілген. Күнтізбелік- тақырыптық жоспарларда сабақтардың күндерін, сабақ тақырыптарын, тақырыпқа сәйкес сағаттарының саны белгіленген, уақытылы электрондық журналға жүктелген.

Мұғалімдердің мемлекеттік стандарттың орындалуы бойынша оқу бағдарламасының күнтізбелік-тақырыптық жоспары, kundelik.kz журналы сәйкес, нормативтен ауытқушылық жоқ. Оқу бағдарламасы нормаға сәйкес орындалған. Kundelik.kz журналында тақырыптар жазылған, бағалары қойылған, үй тапсырмалары берілген. Жұмыс оқу жоспарының инварианттық оқу жүктемесі барлық класта нақты сақталған.

2022-2023 оқу жылы бойынша. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары; «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығы негізінде ұзақ мерзімді жоспарлары (әдістемелік отырыста) талданып өзгерістер енгізілген. Жаңартылған білім мазмұны бойынша білім беруді ұйымдастыруда оқу бағдарламасы пәндер бойынша ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес жүзеге асырылды. Ұзақ мерзімді жоспарға сыныптар мен тоқсандар бойынша оқыту мақсаттары енгізілген. Орта мерзімді жоспарларда белгіленген мерзімнің негізгі міндеттері тұжырымдалған. Әр тоқсанның, бөлімнің тақырыптары көрсетілген. Сонымен қатар дағдылар, оқыту мақсаттары, сабақта ұсынылатын іс-әрекет түрлері, оқу ресурстары берілген. Оқу жоспарының барлық пәндерінде пән мұғалімдері күнтізбелік – тақырыптық жоспарлауды дайындаған. Ол сабақтардың күндерін, сабақ тақырыптарын, тақырыпқа сәйкес сағаттарының саны белгіленген. Оқу жоспарындағы сағат саны Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарына сай. Өзін-өзі бағалау барысында жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламалары, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары kundelik.kz-те толтырылуы сәйкестендіріле отырып қаралды. Оқу үдерісін ұйымдастыру оқу жоспары және сабақ кестесімен реттелген.

Оқушылардың оқу жүктемесінің максималды саны оқу аптасын ескере отырып, рұқсат етілген сағаттардың санына сәйкес. Оқу бағдарламасы инвариантты және вариативті бөліктен құралған.



	<p>Инвариантты бөлігі негізгі оқу жоспарына сәйкес жасалған .Инвариантты және вариативтік оқу, таңдауы бойынша, белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар, барлық элементтері мемлекеттік бағдарламалармен қамтамасыз етілген.</p>
4.3	<p><b>Білім алушылардың субъективті жаңа білімді меңгеруі мен таным мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпы адамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру;</b></p> <p>2020-2021, 2021-2022,2022-2023 оқу жылдарында тәрбие процесі білім алушылардың Қазақстан Республикасының азаматтары және патриоттары ретінде қалыптасуы мен өзін-өздерін танытылуына, әлеуметтенуіне, болашақ маман иесі болып, кәсіби интеллектуалды және әлеуметтік шығармашылыққа жетуіне оңтайлы жағдай жасау, рухани адамгершілік пен дене дамуын қамтамасыз ету мақсатында бірыңғай идеологиялық тәсілдер мен құндылықтарға негізделіп жүзеге асырылған. Тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес жоспарланған іс шаралар уақытылы өткізіліп, анықтамалары жинақталған. инстаграм желісіне жарияланған. Тәрбие бағыты бойынша дөңгелек үстелдер, кездесулер, семинар, тәрбие сағаттары, сайыстар өткізілген. Тәрбие жоспарының негізгі идеясы оқу тәрбие процесін білім алушыларды ұлттық құндылықтар негізіндегі жалпы адамгершілік құндылықтарға баулуға бағытталған. Ата-аналармен қоғамдастық байланысты жандандыру, алқалы басқару жүйесін жетілдіру негізінде ата-аналар кеңесі, отбасылық құндылықтарды қалыптастыру және бала тәрбиесіндегі отбасының рөлін арттыру мақсатында «Қамқор» әкелер мектебі, «Ұлағат» аналар мектебі құрылып, жүйелі жұмыстар жүргізілген. Сонымен қатар «Мирас» ер балалар клубы, «Сымбат» қыз балалар клубы, «Сұңқар» патриоттық клубы, рухани адамгершілік және азаматтық – патриоттық тәрбиелеу контекстінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасын қалыптастыру бағдарламасымен бекітілген моделді іс-шаралар жоспарына сәйкес «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы, зиянды заттардың алдын алуға байланысты «Наркобекет» тобы, «Намыс» жас жол қозғалыс инспекторлар тобы құрылған. Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында “Мектеп парламенті” білім алушылардың өзін - өзі басқару органдарын дамыту мақсатында мектеп парламентінің сайлауы болып «Мағжан» мектеп парламенті құрылған. Мектеп әкімшілігімен бірлескен жұмыс жоспарлары құрылып, хаттамалары жинақталған, жүйелі жұмыстар жүргізілген. «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы» Ұлттық және жалпы адалдық құндылықтарға сәйкес рухани дүниесі кең тұлғаны қалыптастыру, балалар мен жасөспірімдерді қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу мақсатында «Жас Ұлан» ұйымы құрылып, 2020-2021 оқу жылында - 133 білім алушы,2021-2022 оқу жылында -155 білім алушы, 2022-2023 оқу жылында - 300 білім алушы қабылданған. Мектепте балалар мен жасөспірімдер ұйымының жұмысын ұйымдастырушы жетекші ретінде аға тәлімгер Қасымханқызы Әйгерім тағайындалған. «Жас ұлан» ұйымының жылдық жоспарлары құрылып,жоспар бойынша іс-шаралар уақытылы өткізіліп тұрған. Мектеп аға тәлімгері Ә.Қасымханқызы Ақтөбе облысының аға тәлімгерлеріне арналған «Тәлімгердің функционалдық қызметімен танысу», «Аға тәлімгердің жұмыс жоспарын құру», «Лидер тәрбиелеу жолдары» тақырыбында өткен онлайн семинарларға қатысқан.</p> <p>2020-2021, 2021-2022,2022-2023 оқу жылдары мектептегі әлеуметтік - психологиялық қолдауды ұйымдастыру үшін қызметі бойынша әлеуметтік педагог-1 штат, педагог – психолог-2штат қызмет қаралған. Мектептегі әлеуметтік психологиялық ахуал қалыпты, білім алушылардың психоэмоционалдық мінез құлықтық өзгерістері үнемі бақыланып, психологиялық денсаулығын қалыптастыруда психологиялық қызметтің бағыттары бойынша жұмыстар жүйелі ұйымдастырылған. Білім алушы, ата – ана, педагогикалық ұжым арасында тұрақты, сенімді қарым -қатынас орнатылып, қауіпсіз орта құрылған. . Мектептегі әлеуметтік – психологиялық қолдау бөлімі тексеріліп, әлеуметтік</p>

педагогтің жылдық жоспары, анықтамалары, тексеру актілері, барлық категориялар бойынша білім алушылардың құжаттары жинақталған. Мектепте «Сенім» телефоны, «сенім» жәшігінің жұмысы ұйымдастырылып, жауапты мамандар бекітілген, «сенім» жәшігі мектептің төменгі бірінші қабатында орнатылған. Әр апта сайын сенім жәшігі ашылып, акт толтырылып, түскен хаттарға жауап берілген. Әлеуметтік келеңсіз жағдайлардың алдын алу мақсатында Мобилдік топ жұмыс жасағна, жылдық жоспарлары бар, хаттамалары жинақталған. Мектептің әлеуметтік төл құжаты бойынша 2020-2021 оқу жылы бойынша көп балалы отбасы саны – 60, толық емес отбасы саны -22, әкесі қайтыс болған – 18, анасы қайтыс болған –4 , аз қамтылған отбасы – 11, атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасы – 9, жетім және ата – анасының қамқорлығынсыз қалған білім алушы – 2, өгей әкемен бірге тұратын – 11 білім алушы, өгей анамен бірге тұратын 0 білім алушы, ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар саны – 5, денсаулығына байланысты үйден тегін жеке оқытылатын білім алушы саны – 0, кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар -0, мектепшілік есепке алынған білім алушы-0, сәтсіз отбасы-27. 2021-2022 оқу жылы бойынша көп балалы отбасы саны – 104, толық емес отбасы саны -23, әкесі қайтыс болған – 20, анасы қайтыс болған – 3, аз қамтылған отбасы – 3, атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасы – 9, жетім және ата – анасының қамқорлығынсыз қалған білім алушы – 2, өгей әкемен бірге тұратын – 11 білім алушы, өгей анамен бірге тұратын 0 білім алушы, ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар саны – 5, денсаулығына байланысты үйден тегін жеке оқытылатын білім алушы саны – 0, кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар -0, мектепшілік есепке алынған білім алушы-0, сәтсіз отбасы-31. 2022-2023 оқу жылы бойынша көп балалы отбасы саны – 215, толық емес отбасы саны -37, толық емес отбасы-37, ата ана қамқорлығынсыз қалған-2, мүгедек бала-1, ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар саны – 8, денсаулығына байланысты үйден тегін жеке оқытылатын білім алушы саны – 1, кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар-0, мектепшілік есепке алынған білім алушы-0, сәтсіз отбасы-38. Сынып жетекші, әлеуметтік педагог, психолог, мектеп әкімшілігі бірлескен өгей ата- анамен тәрбиеленетін, аз қамтылған, ерекші білім беруді қажет ететін білім алушылардың үйлеріне тұрмыстық зерделеу жұмыстары жүргізіліп, акт жасалған. 2020-2021 оқу жылының басында «Мектепке жол» республикалық акциясының аясында әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасының балаларына (10 білім алушы) 60 мың теңге көлемінде мектеп формасы, оқу құралдарымен, аз қамтылған, көп балалы, атаулы әлеуметтік отбасы білім алушылары жалпыға білім беру қоры есебінен 10 оқушы мектеп формасы, спорттық киім мен аяқ киім және оқу құралдарымен қамтамасыз етілген. 2021-2022 оқу жылының басында «Мектепке жол» республикалық акциясының аясында әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасының балаларына (9 білім алушы) 83 мың теңге көлемінде мектеп формасы, оқу құралдарымен, аз қамтылған, көп балалы, атаулы әлеуметтік отбасы білім алушылары жалпыға білім беру қоры есебінен 52 оқушы мектеп формасы, спорттық киім мен аяқ киім және оқу құралдарымен қамтамасыз етілген. 2022-2023 оқу жылында тамыз айында «Мектепке жол» республикалық қайырымдылық аясында 4 білім алушыға демеушілер тарапынан 70000 теңгеге материалдық (мектеп формасы, спорттық костюмдер, аяқ киімдер, оқу - құралдары) көмек көрсетілген. 2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 Қаулысы негізінде ата – аналардан өтініш қабылданып, 3 білім алушыға «Жалпыға міндетті білім беру» қоры аясында материалдық көмек көрсетуге 37389 теңге көлемінде бюджет қаражаты бөлінген. Мектепшілік желтоқсан және наурыз айларында қайырымдылық жәрмеңкесі ұйымдастырылып, үйден оқытылатын білім алушы мен әлеуметтік осал топ отбасы балаларына азық – түлік және қаржылай көмек көрсетілген. Білім алушылардың оқудағы қиындығы мен әлеуметтік ортаға қалыптасуына, психологиялық - педагогикалық қолдау көрсету қызметі ұйымдастырылған. Сынып жетекшілермен, психологпен бірлесе отырып, үйден оқитын білім алушылардың әлеуметтік ортаға бейімделуін

қадағалау шаралары жүргізілген. Мүмкіндігі шектеулі білім алушылардың «Шексіз шығармашылығы» республикалық байқауына әлеуметтік педагог Мұхамбетова Г.Ұ 5- білім алушының қатысуын ұйымдастырған. Мектеп парламентінің қайырымдылық іс шарасы ұйымдастыруымен 50000 теңгеге әлеуметтік осал топ отбасындағы оқушыларға азық түлікпен және де оқу құралдармен қамтамасыз етілген. Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» № 591 Заңы (өзгерісі 01.04.2019ж. № 240-VI) негізге ала отырып, 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарында жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алуға байланысты мектепшілік алдын алу кеңесі құрылып, жергілікті полиция бөлімімен бірлескен жұмыс жоспарлары құрылып, отырыс хаттамалары жинақталған оқу-тәрбие процесі шеңберіндегі қызметін үйлестіру бойынша сынып жетекшісіне . 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары бойынша жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алуға байланысты мектепшілік тәртіп сақшылар тобы құрылған. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы «Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» № 18 бұйрығы негізінде жүктелген функцияларды айқындау мақсатында 2020-2021 оқу жылы бойынша -34 сынып жетекші, 2021-2022 оқу жылы бойынша -34 сынып жетекші, 2022-2023 оқу жылы бойынша -34 сынып жетекші тағайындалған.2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары бойынша сынып жетекшісі бірлестігінің жұмыс жоспарлары құрылып, ай сайын бірлестік отырысы өткізіліп, хаттамалары жинақталған.Тәрбие үрдісінде жаңа форматты оқыту әдістерін тиімді шебер қолдана білетін жаңашыл, шығармашыл сынып жетекшілерін қалыптастыру жолдарын көрсету мақсатында «Сынып жетекшісінің ролі- тәрбие жұмысының тетігі»тақырыбында сынып жетекшілер апталығы өткізілген. 4 сынып жетекші сынып жетекшілерге арналған облыстық семинарларға қатысқан.

4.4 ***Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін сабақтан тыс қызметтің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру;***

2020-2021, 2021 – 2022 , 2022-2023 оқу жылдарында тәрбие жұмысының мақсаты жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты үйлесімді, өзін-өзі дамыта алатын, рухани және мәдени құндылықтарды бойына сіңірген нағыз патриот, еңбекқор,адал, білімге құштар тұлға қалыптастыру. Тәрбиелік жобалар тәрбие жұмысының негізгі 8 бағыты бойынша жүзеге асырылған.«Мектептің өзін-өзі басқаруы» - жобасы бойынша Мектеп парламентінің ролі тәрбие саласында ерекше.Мектеп парламентінің жоспары 8 фракция бойынша құрылған. Әр фракция бойынша жетекшілер бекітілген.Өткізілген іс-шаралар бойынша барлық ақпараттар фракциялар парақшалары мен мектеп сайтына салынып отырған.«Адамгершілік және адалдық» тақырыбында дебат, «Қоқысты қайта өңдеу мүмкінбе?» танымдық сабақ, «Мектеп лигасы» спорттық іс-шаралар, «Менің ұстазым» тақырыбында мақала, «Жомарт жүрек» акциялары өткізіліп, ұстаздар күніне орай «Ұстазыңды құттықта!» челленджи, мектептегі өзін-өзі басқару жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру мақсатында «Дублер күні» , «Ұстаз-ұлы есім » атты мерекелік шара ұйымдастырылған. «Дублер күніне» орай педагогикалық кеңес өтіп, дублер білім алушыларға бағалар берілген. Тәуелсіздік күніне орай патриоттық әндер байқауы, «Өмір сен маған қымбатсың!» тақырыбында акциялар өткізіліп, аудан мектептері арасында ұйымдастырылған “Мектеп парламенті” байқауына қатысқан.

«Ұшқыр ой алаңы» жобасы зияткерлік тәрбие бағыты бойынша жүзеге асырылған. Мектепте "Зияткер" дебат клубы құрылып, аудандық, облыстық сайыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болған. Жетекшісі Жолдыбаева Д.С. Мектепте «Ұшқыр ой алаңы» жобасы дебат клубының ақпараттық бұрыш жабдықталған. 2020-2021 оқу жылында "Зияткер" дебат клубының мүшелерімен БП «Қазіргі заманғы

жастарға патриоттық сезім тән емес деп санайды», Білім алушылар БП «Қашықтықтан оқу жүйесінің зиянынан пайдасы көбірек деп есептейді» тақырыбында пікірсайыс мектепшілік пікірсайыс өткізілген. 2020 жылдың 16 қазан күні 1-желтоқсан - Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні және Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 30 жылдығы мерекелеріне арналған мектеп оқушыларының арасындағы «Біз Тәуелсіз елдің жастарымыз» тақырыбында аудандық дебат турнирде мектебіміздің «Зияткер» дебат клубының мүшелері Муфтакова ТазаЗер және Жанайдар Алия қатысып, ІІ орын иеленген. «Зияткер» дебат клубының мүшелері Ақтөбелік «Шабыт» дебат клубының дебатары, тренер Есетова Баян Рахымжанқызымен кездесу ұйымдастырып, тренинг семинар болған. «Зияткер» дебат клубының кіші буын мүшелерінің кезекті отырысы болып, «БП қазақ жастары шет елге еліктейді д.е.» тақырыбында дебат ойыны өткізілген. Клуб президенті Амангелдіқызы А, координатор Жанұзақ Гулжанат. «Мемлекеттік рәміздер - ұлттың мақтанышы», «Тәуелсіз елдің тірегі – білімді ұрпақ», «Б.П. Ғаламтор кітапты алмастыра алмайды», «Б.П. Экологияны жақсартудың тиімді жолдары» тақырыптарында мектепшілік дебат ойындары өткізілген. Оқушылар арасындағы дебаттық қозғалысты дамыту және қолдау мақсатында ұйымдастырылған Республикалық және «Ұшқыр ой алаңы» турнирінің аудандық кезеңінде шығармашылық қабілетін жоғары дәрежеде көрсете білгені үшін Муфтакова ТазаЗер «Үздік ойыншы» номинациясына ие болған. 2021-2022 оқу жылында 1 желтоқсан- Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні және Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің мерекелеріне арналған мектеп оқушыларының арасында облыстық дебат турниріне, Әйтеке би ауданының жеңімпаз «Зияткер» дебат клубының мүшелері «Бегім-ай» фракциясы қатысып, «Алғыс хатпен» марапатталған. Ақтөбе пікірталас орталығы және «Алматы дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау жөніндегі орталығының ұйымдастыруымен «Біргіміз жарасқан» атты Республикалық пікірсайысқа «Зияткер» дебат клубының фракциясы қатысып, алғыс хатпен марапатталған. «Ризашылық – мейірімділік бұлағы» жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасы аясында «Ұшқыр ой алаңы» оқушылардың республикалық дебат турнирінде Ақтөбе облысы бойынша «Зияткер» дебат клубының мүшелері «Бегім-ай» фракциясы қатысып, алғыс хатпен марапатталған. А.Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай М.Жұмабаев атындағы ЖББО мектебінде «Үш тілде білім беру қажеттілігі» тақырыбында пікірсайыс өткізілген. Әйтеке би аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен «Жалынды жастар—жарқын болашақ» атты пікірсайыс турнирінде «Зияткер» фракциясы Егенберліқызы Сағыныш, Жанайдар Әлия ІІ дәрежелі дипломмен марапатталған. «Зияткер» дебат клубының жастар жоғарғы буын мүшелерінің ұйымдастыруымен «Американдық парламенттік формат туралы түсінік» тақырыбында 8-7-6 сынып пікірсайысшыларына арналған мектепшілік семинар-тренинг, «БП әлем алдында қазақстандық деп мақтанатын брендті көрсетеді», «Құқығым бар», тақырыптарында мектепшілік дебат ойындары өткізілген. «Мейірімділік әлемді құтқарды» тақырыбында дебат мүшелерінің қайырымдылық акциясын өткізген. 2022-2023 оқу жылында 9-11 класс оқушылары арасында «Болашақ және жастар» тақырыбында өткізілген облыстық дебат турнирінің аудандық кезеңінде «Зияткер» дебат клубының «Ай жарығы» фракциясы «Дебаттық креатив» номинациясын жеңіп алған. Жалпы білім беретін мектептердің жас буын пікірсайысшы оқушылары арасында «Достық, Бірлік, Татулық» атты пікірсайыс турнирінің аудандық кезеңінде «Зияткер» дебат клубының «Ай жарығы» фракциясы Жанұзақ Гулжанат, Амангелді Алтын қатысып «Алғыс хатпен» марапатталған. Әйтеке би аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен өткен «DOSTYQ CUP-1» аудандық мектеп аралық дебат турнирінде Қонысбаева Назгул, Серік Жансая «Алғыс хатпен», Амангелді Алтын, Жанұзақ Гулжанат ІІІ дәрежелі дипломмен марапатталған.

Мектебімізде «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектеп кітапханасы көркем әдебиеттермен толыққан, отбасылық оқу насихатталып, ата-аналар кітап оқу жоспарын іске асыру жөніндегі іс-шараларға тартылған. Қорға түскен жаңа әдебиеттермен «Жаңа кітаптар әлемі» тақырыбында көрме қойылып, таныстырылым жасалып, «Тәуелсіздіктің 30 жылдығына 30 кітап» Республикалық «Бір ел – бір кітап» акциясы аясында оқуға ұсынылған. Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдығына орай 4ә класс

оқушыларының қатысумен «Өнер – білім бар жұрттар» кітабы бойынша танымдық кеш өткізген. 2-сәуір Халықаралық балалар кітап күніне орай 2 класс оқушыларының қатысумен «Ертегілер әлемі» атты шара өткізіліп, аудандық «Көп білгім келеді» оқырмандар сайысына ба класс оқушысы Баспақова А.,5а класс оқушысы Әбдірахманова Айша-Бибі қатысқан. «Адамды адам еткен кітап,адамзат еткен – кітапхана» тақырыбында 6 а класы кітапхана,аудандық білім бөлімі, мәдениет бөлімінің қызметкерлерін шақырып кең көлемде танымдық кеш өткізген.2021-2022 оқу жылында «2022 – Балалар жылы» тақырыбында мектеп дәлізіне көрме ұйымдастырылған. «Оқып шығып,суретте» тақырыбымен 3 кластар арасында оқушылар оқыған шығармалары бойынша кейіпкерді, табиғатты суреттеу арқылы сурет салудан байқау ұйымдастырылған. Ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың туған күніне орай 9 а класс оқушыларының қатысумен «Мұқағали -мәңгілік ғұмыр» атты әдеби кеш өткізілген. 5-қыркүйек Қазақстан Республикасы халықтарының тілдер күні мерекесі қарсаңында педагог,аудармашы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай «Ұлттың ұлы ұстазы» атты кітап көрмесін дайындап шығарған.Жаңадан келіп түскен әдебиеттерге арналып « Жаңа кітаптар» көрмесі дайындалып,оқушыларға таныстырылған. Қазақтың ұлы жазушысы,қоғам қайраткері М.Омарханұлы Әуезовтың 125 жылдығына орай «Мұхтар Әуезовтен қалған асыл мұра» атты кітап көрмесі дайындалып, оқырмандарға ұсынылған. Педагог,аудармашы Ахмет Байтұрсынұлының 150-жылдығына 5 б класс оқушыларының қатысумен «Ұлт ұстазы – Ахмет Байтұрсынұлы» атты аудандық кітапханада танымдық кеш өткізілген. Жазушы,драматург Дулат Исабековтың 80 жылдығына орай 9а,ә,б класс оқушыларының қатысумен «Кемел-қаламгер – Дулат Исабеков» тақырыбымен әдеби ринг өткізілген. « Кітап- алтын қазына» тақырыбында 20 минуттық кітап оқу ұйымдастырлса, 8-11 кластар арасында эссе жазылған.

Аудандық білім бөлімінің тапсырмасы бойынша,қысқы қаникул уақытын тиімді пайдалану мақсатында «Қыста кітап оқимын» іс-шарасы өткізілген. Аудандық кітапханамен бірлесе отырып ,жазушы Өтебай Қанахиннің 100 жылдығына орай 6 а класс оқушыларының қатысумен «Қарымды қаламгер» тақырыбында «Бімырттағы кітапхана» шарасы өткізілген Мектеп холдарында үлкен үзілістерде кітап оқуды ұйымдастыру үшін «Буккроссинг» бұрыштары құрылып, 1-8 класс аралығында аптасына 2 рет 10 минуттық оқу сағаты ( тыныш оқу,мәнерлеп оқу ,дыбыстап оқу) сағаты өткізіліп тұрған. Ақтөбе – Дарын" өңірлік ғылыми тәжірибелік қосымша білім беру орталығының ұйымдастыруымен бастауыш класс оқушыларының арасында «Ертегілер еліне саяхат» атты облыстық байқауында Мерекеқызы Алуа ІІІ орынды иеленген.2021-2022 оқу жылы бойынша «Оқуға құштар» мектеп жобасы бойынша іс-шараларға ата-аналар қатыстырылған. 2022-2023 оқу жылында «Кітап оқып, биікке самға!» мектепшілік кітап оқу байқауы жыл бойы өткізіліп, үздік оқырман білім алушылар төс белгісімен, үздік оқырман класс, үздік оқырман ата-аналар Алғыс хаттармен марапатталған. «Үздік оқырман класс-2023» байқауында 4 «А» класы жеңімпаз атанса, «Үздік оқырман» байқауы бойынша 3 «Ә» класының оқушысы Серік Амина жеңімпаз болып танылған. «Бір кітаптың ізімен» оқылған кітап мазмұны бойынша ата-аналар, білім алушылар сахналық қойылымдар қойған.

2020-2021 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарда «Отбасы –мектеп» жобасы бойынша 1- 11 сыныптар арасында «Отбасы – тәрбие басы, мектеп – тәрбие жаршысы» атты бірыңғай сынып сағаттары , «Менің қымбатты және сүйктілерім», «Бақытты адам өз үйінде бақытты» отбасылық фотосуреттер көрмесі, «Менің отбасымның тарихы», «Отбасындағы бос уақытты өткізу дәстүрі» ашық тәрбие сағаттары, «Менің шежірем», «Менің отбасымның естелік күндері» атты өз отбасылары туралы әңгіме – презентациялар ұйымдастырылған. «Жасөспірімдердің арасындағы жүктіліктің алдын алу» тақырыбында дәрігер мамандармен кездесу, «Отбасы, мектеп және қоғам» атты дөңгелек үстел, «Бақытты отбасы ол...» тақырыбында аналар кеңесінің отырысы, әйелдерді зорлық- зомбылықтан қорғау тобының инспекторы полиция капитаны Умирзакова Алия әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық мәселесімен таныстыру және осы мәселенің қиындығын терең түсіндіру мақсатында «Сымбат» қыз балалар клубы мен «Ұлағат» аналар мектебі

өкілдерімен кездесу ұйымдастырған. Эстафеталық отбасылар сайысы, «Отбасы-өмір шуағы» атты тренингтер өткізілген. 7-10 сынып қыздарына мектеп медбикесі Н.Аплатонова «Қыздардың репродуктивті денсаулығы, ерте жүктіліктің алдын-алу» тақырыбында пікірлесу сағатын өткізген. 15 мамыр-Халықаралық отбасы күніне орай іс-шаралар жоспары ұйымдастырылған. Отбасы тақырыбында сынып сағаттары өткізіліп, «Мен және менің отбасым» тақырыбында сурет көрмесі, «Отбасы өнегесі» тақырыбында бейнеролик көрсету ұйымдастырылып, «Жас Ұлан» балалар ұйымының ұйымдастыруымен «Мен отбасыммен мақтанамын!» атты құттықтау челленджі жарияланған.

«Құқықтық сана – қауымға пана» жобасы бойынша 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары «Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықпен, бопсалауды» болдырмаудың алдын алу» тақырыбы бойынша жаңа форматта «аналар», «әкелер» кеңестерінің отырыстары өткізілген. ПБ ЖПҚБ кәмелетке толмағандар істері жөніндегі учаскелік полиция лейтенанты Еңсепбаев Ж.М. «Құқықбұзушылық пен сыбайлас жемқорлықтың, бопсалаудың алдын алуда» жүргізіліп жақтан іс-шаралармен танысып, мектеп ұжымымен пікір алмасқан. «Жемқорлықсыз қоғамға қадам» тақырыбында дебат, «Заң талабы заман талабы» атты тақырыпта тәрбие сағаттары өткізіліп отырған. «Құқықтық сана – қауымға пана» жобасы бойынша «Бала құқығы-адам құқығы» айлығы жоспарына сәйкес төмендегі іс-шаралар ұйымдастырылған. Мектеп психологы Абишова Р.С. құқық бұзушылықтың алдын-алу мақсатында сауалнама, сынып жетекшілер тәрбие сағаттарында «Балалық шақты бірге қорғайық» тақырыбында Балалардың құқықтарын және Бала құқықтары туралы Конвенцияның баптарын түсіндіру бойынша бейнероликтер көрсетілген. «Өз құқығыңды білесің бе?», «Құқықтық турнир», «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ», «Қоғамдағы буллинг мәселелері» тақырыбында тәрбие сағаттары, «Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тренингі, «Әр баланың құқығы бар» сурет, эссе байқауы, Мектеп парламенті «Балалар мүддесі үшін»–Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 32 жылы ішінде балалардың құқықтарын қорғау саласындағы жетістіктері дебат, 7-9 сынып жетекшілері «Мен өз құқығымды білуге тиіспін» сахналық қойылымдар және «Бақытты ана – бақытты бала – бақытты отбасы - бақытты ел» 7-сынып ата-аналарының жиналысы өткізілген. Оқушылар арасындағы буллингтің алдын-алу мақсатында «Буллингке жол жоқ!» акциясы ұйымдастырылған. Акция барысында педагогтер мен білім алушыларға сұрақтар қойылып, пікірлері тыңдалған. 8-11 класс ер балалары арасында "Ұлт тәрбиесі - ұлт тәрбиесі" «Құқықбұзушылық және жасөспірім» тақырыбында жиналыс өткізілген. Жиналысқа мектеп директоры Издина С.М. қамқоршылық кеңесінің төрайымы Тулясова Г.Е. «Қамқор» әкелер клубының төрағасы Рампейлов С.А. ПБ ЖПҚБ кәмелетке толмағандар істері жөніндегі учаскелік полиция аға лейтенанты Еңсепбаев Ж.М. Әйтеке би ауданы ПБ КПТ аға жедел уәкілі полиция майоры М.С.Муканғалиев қатысқан. Мектеп психологтарының ұйымдастыруымен «Менің сыныбым буллингке қарсы!» тақырыбында челлендж өткізілген. Облыстық білім беру ұйымдары мен жалпы білім беретін орта мектеп оқушылары арасында өткен «Жас құтқарушы» облыстық слётіне 10 класс оқушылары Әбілхан Дарын мен Баспаков Ернұр қатысып, нәтижесінде «Техногендік авария аймағындағы авариялық-құтқару жұмыстары» номинациясында үздік нәтиже көрсетіп ІІІ орынды иеленген.

«Дәстүр мен ғұрып» жобасы бойынша 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары «Біз жақсылық жасаймыз!», «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» пікірсайыс, «Ұмыт болған дәстүрлер мен ғұрыптар» интеллектуалды сайыс, «Ұлттық ойындар» эстафеталық жарысы, «Қазақтың ұлттық тағамдары» тақырыптарында сынып сағаттары, "Ою-өрнек сыр шертеді", "Кестедегі ою-өрнек" «Дорба тігу» тақырыптарында шебер кластар, «Салт-дәстүр білгірі» сайысы, «Қазақтың ұлттық тағамдарының» фестивалі, «Қазақ халқының аңшылық дәстүрі», "Ұлттық киімдер", "Ұлттық мерекелер мен дәстүрлер" тақырыптарында сынып сағаттары, ұлттық киімдер шеруі ұйымдастырылған. Баурысак, домбыра party

«Еңбек – елдің мұраты» -жобасы бойынша 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары кәсіптік білім беру мақсатында «Мамандықтар әлемі», «Мұндай да мамандық бар», "Мен кәсіптер әлемінде", «Менің отбасымдағы мамандықтар», «Өмірлік жетістікке жету жолы», «Менің кәсіптік мансабым», «Менің таңдауым», «Мамандық таңдау – жауапты қадам», «Барлық мамандық жақсы-таңдау өзінде», «Кәсіптік мамандықтар сыр шертеді», «Мамандық таңдау – маңызды шешім», «Кемел ұстаздың дара жолы», “Болашаққа бағдаршам”, «Кәсіби бағдар беру», " Мамандығым - мақтанышым", «Мамандық таңдау - маңызды іс», тақырыптарында сынып сағаттары, «Мұндай мамандық бар» презентациялар конкурсы өткізілген. «Мамандықтар әлемі» тақырыбы бойынша 9 сыныптар аудандық білім бөліміне, аудандық мұрағатқа, аудандық әкімдікке, теміржолға , аудандық көп салалы колледжге саяхат жасап, кездесулер ұйымдастырылған. Мотивациялық кездесулер реті - «Жайық Пресс» ақпарат агенттігінің тілшісі Динара Тілекқызымен кездесу өткен. Журналистика саласының қыр -сыры, қоғамдық ортада өзін-өзі ұстау, пікір білдіру, тіл табыса білу бағытында жоғарғы сынып оқушыларымен онлайн кездесу болған. «Баланы жұмысқа ал», «Он күн ата-ана жұмысында» («НЗМ» ААҚ тәжірибесі) сияқты жобалар өткізіліп отырған. 2023 жылдың 2 ақпанында 9-11 кластарға кәсіптік-бағдар беру мақсатында "ALT academy" және Ақтөбе гуманитарлық-техникалық колледжінің өкілдері келіп, оқушыларға мамандықтар, түсу мүмкіндіктері және колледжде оқудың артықшылықтары туралы, Қазақстан Республикалық Қорғаныс министрлігі Ш.Уәлиханов атындағы әскери колледжіне оқуға түсу үшін кәсіби-бағдар берілген. «Ерте жастан басталатын экологиялық мәдениет», «Үнем – қоғам қуаты» жобалары бойынша 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары "Жас кезінен экологиялық мәдениет" республикалық тәрбие жобасы аясында тәрбиелік іс-шаралар кешенін іске асыру, білім алушылардың экологиялық тәрбиесін қалыптастыру, қоршаған әлемге ұқыпты қарауға ықпал ету мақсатында ата-аналар оқушылармен бірге көгалданадыру, тал егу жұмыстары жүргізілген. «Еңбек – елдің мұраты» жобасы шеңберінде «Болашақ бүгіннен басталады» тәрбие сағаты, Мектеп психологы Мугалимова А.Ж. ұйымдастыруымен «Ізденіс, еңбек, талпыныс -жетістік кілті» кездесулер, «Ерте жастан басталатын экологиялық мәдениет» жобасы сынып жетекшілер мен тәрбиешілер экологиялық сынып сағаттары, Мектеп Парламенті «Қоқыссыз әлем» науқаны, «Фотоохота» байқауы , 1-4 бастауыш сыныптары «Туған жердің – асыл қазынасы», «Қоршаған ортаны аялайық тәрбие сағаттары өткізілген. «Шебер қолдар» үйірмесінің білім алушылары « Қайта өңдеу үшін сұрыпта», «Эко сағат бүгінен баста» тақырыптарында бейнематериалдар инстаграм желісіне салынған, “Плоггинг” (жүгіріп жүріп, қоқыс жинау) акциясы, "Таза табиғат" экологиялық акциясы, «Құстарға ұя жасау» акциясы , «Жасыл мекен» челленджі, «Күз ханзадасы мен ханшайымы» сайысы, “Жердегі өмірдің пайда болуы» тақырыптарында экологиялық білім беру сағаттары сынып сабақтары өткізілген. «Қоғамға қызмет» жобасы бойынша 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары мектебімізде «Мағжан еріктілері» еріктілер тобы құрылған. 2021-2022 оқу жылында мектеп жанынан құрылған еріктілер клубы. Мектеп парламенті мен еріктілер тобы қайырымдылық жәрмеңкесін ұйымдастырылып, үй жағдайында білім алатын білім алушыларға көмек берілген. «Бала жылы» жоспарына сай «Жүрек жылуы» акциясы бойынша еріктілер тобы жәрменке жасап, 65000 тангеге үйден оқитын, аз қамтылған отбасыларға азық –түлікпен көмек көрсетті. Зейнеткер Муханбеталина Жұмагул апайдың ауласының қарын тазартып, Ұлы Отан соғысы, еңбек-тыл ардагерлеріне , ардагер ұстаздарға көмектер көрсетілген. «Мейірімділік пен сүйіспеншілік» апталығы аясында «Сүйіспеншілік өмір жолында» , “Мейірімділік пен рақымшылдыққа қызмет ету” , “ Сүйіспеншілік пен шығармашылық” тақырыптарында сүйіспеншілік, мейірімділік сабақтары өткізілген. Халықаралық қарттар күніне орай ақсақалдарды мерекемен құттықтап, Наурыз мейрамы қарсаңында 5 отбасыға әлеуметтік көмек беріп, «Мағжан еріктілері» көшедегі қар тазалаушы қызметкерлерге ыстық шай мен бауырсақ таратқан.

2020-2021,2021-2022,2022-2023 оқу жылы бойынша «Балалар және театр» ағартушылық жобасы мектеп оқушыларының шығармашылық қабілетін дамытып, жаңа таланттардың ашылуына жол көрсету мақсатында мектепте театр үйірмесі ашылған. «Балалар және театр» жобасы бойынша ақпараттық бұрыш жабдықталған. 2021-2022 оқу жылы бойынша жетістіктер: Жалпы білім беретін мектептердің бастауыш класс оқушыларынан құралған топтар арасында «Мың алғыс саған, кеңпейілді қазағым» атты аудандық театрландырылған қойылым байқауында ұлттық мәдениеттің сақталуын жоғарғы деңгейде көрсетіп, «Еркем-ай» тобы ІІ дәрежелі дипломмен марапатталған. 2022-2023 оқу жылы бойынша жетістіктер: Аудандық мәдениет үйінің жанынан құрылған «Замандас» халықтық театрының ұйымдастыруымен өткен «Сахнадан сәлем-2» театрлар фестиваль-байқауына белсенділікпен қатысып, жоғарғы деңгей көрсеткені үшін «Самғау» театры «Алғыс хатпен» марапатталған. Алғаш мектеп сахнасына " Ұшқан ұя" желісінен алынған " Бала Бауыржаннан батыр Бауыржанға дейін" тақырыбында оқушылар Бауыржан Момышұлының рөлін керемет сомдап, қойылымын, Дулат Исабековтың екі бөлімді «Әпке» драмасын жоғары сынып оқушылары алып шыққан. Мектептегі талантты балалардың басын біріктіретін үйірменің кішкентай мүшелері де ертегілерді сахналауға машықтанған. Олар «Шалқан» ертегісін қойып, көрерменнің қошеметіне бөленген. «Өнерлінің өрісі кең» атты тақырыпта байқау өткізіліп, байқауға 1-4 сынып, 5-8 сынып қатысқан. Атап айтатын болсақ, 1 «А» сыныбы «Мақта қыз бен мысық» ертегісін, 1 «Ә» сыныбы Ы.Алтынсариннің «Жануарлардың дауласқаны» әңгімесін, 2 «А» сыныбы «Қызыл телпек» ертегісін, 2 «Ә» сыныбы «Түлкі, қойшы, аю» халық ертегісін, 3 «А» сыныбы «Бай мен бақташы» тұрмыс салт ертегісін, 3 «Ә» сыныбы «Алтын балта» ертегісін, 4 «А» сыныбы «Жыл басы» ертегісін, 4 «Ә» сыныбы Ы.Алтынсариннің «Әке мен бала» әңгімесін, 5 «А» сыныбы Ы.Алтынсариннің «Бай баласы мен жарлы баласы» әңгімесін, 5 «Ә» сыныбы Ы.Алтынсариннің «Таза бұлақ» әңгімесін, 6 «А» сыныбы «Тазша бала» ертегісін, 6 «Ә» сыныбы «Хан мен уәзір» ертегісін, 7 «А» сыныбы «Абайдың он жетінші қара сөзін», 7 «Ә» сыныбы Әбдібай Табылдының «Сыйласым» әңгімесін, 8 «А» сыныбы Төлен Әбдіқовтың « Қонақтар» әңгімесін,8 «Ә,Б» сыныбы Мұқағали Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда» поэмасын саханалаған. Барлық шаралар әлеуметтік желіге салынып отырған.

2020-2021,2021-2022,2022-2023 оқу жылы бойынша білім алушыларды шығармашылыққа, салауаттылыққа баулу мақсатында мектепте 4 спорттық секция, 3 үйірме, дебат клубы,театр үйірмесі, «Сұңқар» патриоттық клубы жұмыс жасайды. 2021-2022 оқу жылы бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 Қаулысымен бекітілген «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесінің» 8 тарау «Барлық білім беру ұйымдарына ортақ жекелеген лауазымдар бойынша білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарының 29 тармақшасы негізінде мектепте көркем-эстетикалық, әлеуметтік-педагогикалық, туристік-өлкетану, экологиялық, зияткерлік, спорттық-сауықтыру және әскери патриоттық тағы басқа түрлі үйірмелер жұмысын ұйымдастыру мақсатында М.Жұмабаев атындағы ЖББО мектебінің педагогикалық қызметкерлерге қосымша үстем ақы төлеу туралы 11.09.2021 жылдың №69 бұйрығының негізінде үйірмелерге 100% БДО сағаттар бөлінген:

- 1.1. Досжанова М. - (Волейбол) -25 бала
- 1.2. Аяғанов Н. – (Футбол) -20 бала
- 1.3. Айдаубаев Ж. – (Теннис) -20 бала
- 1.4. Құдайбергенов Б – (Шахмат ) - 20 бала



Қосымша :

Дебат- 20 бала

Балалар және театр-60 бала

Шахмат-195 бала

Ағашты көркемдеу -10 бала

Бисермен жұмыс -15 бала

Футбол-50 бала

Работатехника -60 бала

Туризм-30 бала

Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталған ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 қаулысының 4-қосымшасындағы 2 тармағының 12)-тармақшасы негіздерінде М.Жұмабаев атындағы жалпы білім беретін орта мектебі бойынша 2022-2023 оқу жылында спорттық теннис, футбол, волейбол, шахмат секциялары ашылып және тренерлеріне 2022 жылдың 1 қыркүйегінен бастап сабақтан тыс спорт секцияларын жүргізгені үшін БДА-дан 100% мөлшерінде қосымша төленген

2022-2023 оқу жылы

1. Жармедетов А - (Тоғызқұмалақ) -25 бала

1.2. Аяғанов Н. – (Футбол) -20 бала

1.3. Бейімбет Ф– (Теннис) -25 бала

1.4. Махат Б- ( Теннис) - 23 бала

Қосымша :

Дебат- 26 бала

Балалар және театр-40 бала

Шахмат-195 бала

Ағашты көркемдеу -6 бала

Бисермен жұмыс -15 бала

Би -37 бала

Работатехника -161 бала

Домбыра -50 бала

	<p>Дәстүрлі әндер-10</p> <p>Қазақша күрес-56</p> <p>Халық биі- 57</p> <p>Мектепшілік тәрбие бағытындағы үйірмеге қатысым: -586 бала-70%</p> <p>Қосымша білім алушылардың мектептен тыс үйірмелермен қамтылуы: -200 бала -41%</p> <p>Мектеп жанындағы күндізгі демалыс лагері ұйымдастырылып,ыстық тамақпен қамтылған. Күндізгі мектеп жанындағы лагерде барлығы-80 білім алушы, қала сыртындағы лагерде әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасынан 8-білім алушы дем алған. Бір күндік шатырлы лагерге 7 оқушы қамтылған. 2022-2023 оқу жылында мектеп жанындағы күндізгі демалыс лагерінде барлығы -80 білім алушы қамтылған.</p>
4.5	<p><b><i>Білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейлері);</i></b></p> <p>2020-2021 оқу жылында пәндерді таңдау арқылы бейінді білім алушылардың өздері анықтаулары нәтижесінде 10-11 сыныптарында оқушылардың таңдауы арқылы жүргізілген тереңдетілген деңгейдегі физика, география, химия, биология пәндері және стандартты деңгейдегі дүниежүзі тарихы, «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәндері оқу жоспарына енгізілген. Соның ішінде жаратылыстану-математикалық бағытта бейінді пәндерді таңдау арқылы тереңдетілген деңгейдегі физика-10 «ә», «б», 11 «а», «ә» сыныптарына 16 сағат, 10 «а» сыныбына химия-4сағат, биология 10 «а», 11 «ә» сыныптарына 8 сағат, география 10 «ә», «б», 11 «а» сыныптарына 12 сағат, тереңдетілген деңгейдегі пәндерге барлығы 40 сағат. Стандарттық деңгейдегі пәндерге соның ішінде дүниежүзі тарихы 10 «а» сыныбында -2сағат, «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәніне 10 «ә», 10 «б», 11 «а», 11 «ә» сыныптарына 8 сағат, барлығы стандарттық деңгейдегі пәндерге-10 сағат.</p> <p>2021-2022 оқу жылында пәндерді таңдау арқылы бейінді білім алушылардың өздері анықтаулары нәтижесінде өткен 2020-2021 оқу жылында 10-сыныпта оқушылардың таңдауы арқылы жүргізілген тереңдетілген деңгейдегі физика, география, химия, биология пәндері және стандартты деңгейдегі дүниежүзі тарихы,«Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәндері 11 сыныптың оқу жоспарына енгізілді. Тереңдетілген деңгейде 11 «а» сыныбына химия 4сағат, биология 4 сағат, стандарттық деңгейде дүниежүзі тарихы 2 сағат, 11 «ә» физика 4 сағат, география 4 сағат, кәсіпкерлік және бизнес негіздері 2 сағат, барлығы тереңдетілген деңгейге 16 сағат, стандарттық деңгейге 4 сағат берілген</p>
4.6	<p><b><i>Білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, оқу процесін ұйымдастыру</i></b></p> <p>2021 – 2022 оқу жылында ерекше білім беруді қажет ететін 1 оқушы. 1 «Б» класс оқушысы Бүркітов Нұрдәулеттің жалпы сөйлеу тілінің дамымауының 1 дәрежесі және жеңіл ақыл – ой кемістігі диагнозына байланысты 31.08.2021 жылдың облыстық психологиялық медициналық педагогикалық консультациясының ұсынысы бойынша жеке бейімделген жалпы оқу бағдарламасымен оқытылған.</p> <p>Сапалы білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында жалпы білім беретін мектеп жағдайында Бүркітов Нұрдәулетке психологиялық – педагогикалық қолдау қызметі ұйымдастырылды. Қыркүйек айында мектеп психологтарының және пән мұғалімінің бақылауы нәтижесінде сабақ барысында түсінбей,сұрақтарға жауап бере алмай әңгімелесу барысында аты-жөнін айта алмай қиналатындығы байқалды. Оқушының сабаққа деген зейінін арттыру,оқуға деген қызығушылығын ояту, танымдық қабілеттерін арттыру үшін ойын технологиясы және аудио, видео материалдарды</p>

қолданылған. Н. Бүркітовтің қол еңбегін жетілдіру және тәртіп мәдениетін қалыптастыру үшін қосымша жұмыстар жүргізілген. Бүркітов Н оқушылармен қарым - қатынаста тұйық, өз ойын жеткізе алмайды. Сондықтан Нұрдәулетті сабақ және сабақтан тыс уақытта оқушылармен қарым – қатынас орнатуға бейімдеп, жылы ахуал жасалып, түрлі психологиялық тренингтер жүргізілген. Өз-өзіне қызмет ете алмауына байланысты мектеп директорының 15.10.21ж №37 бұйрығының негізінде педагог – ассистент штатына Жубанышева С. бекітілді.

Пән мұғалімі, Базарбаева Гүлім, білімі жоғары, мамандығы бастауыш сынып мұғалімі, санаты- «педагог-модератор», стажы 7 жыл. 27.09 – 08.10.21 ж аралығында жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне арналған «Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған білім берудің жаңартылған мазмұнын іске асыру жағдайында инклюзивті білім беру» курсынан өткен.

Жубанышева Сәуле, білімі жоғары, мамандығы бастауыш сынып мұғалімі, санаты II, стажы 16 жыл.

Бүркітов Нұрдәулет мектеп директорының 24.08.2022 № 45 бұйрығына сәйкес Ақтөбе қаласы №70 мектепке ауысты.

2022-2023 оқу жылында 1 в класының оқушысы Р.Ерғазиевтің денсаулығына байланысты аудандық аурухананың дәрігерлік қорытындысы негізінде М.Жұмабаев атындағы жалпы білім беретін орта мектебінде 2022-2023 оқу жылында ҚР «Білім туралы» Заңының 8 бабы 5 тармағы негізінде мүмкіндігі шектеулі оқушыларға жеке үйде тегін оқыту үшін жұмыс оқу жоспары жасалды. Жеке оқу бағдарламасы 1 «в» класс білім алушысы Ерғазиев Райымбек Бекұлы (ДКК қорытындысы №315, 05.09.2022 ж) бойынша ерекше білім алу қажеттіліктерін ескере отырып, төмендегі нормативті құжаттарды басшылыққа алынды:

1. ҚР Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығына 53- қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 53- қосымша «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін үйде оқитын білім алушыларға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары»; (жанартылған білім мазмұнында)

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты.

3. Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесінің 2022 жылғы «Үйден оқытылатын балаларды жалпы білім беру мектебінің бағдарламаларымен оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар».

Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығына 53- қосымша, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 53- қосымшаға сәйкес, 05.09.2022 жыл №2 педагогикалық кеңестің шешімінің негізінде үйден оқитын 1 в класс оқушысы Р.Ерғазиевтің жеке оқу жұмыс жоспары жасалынды. Апталық сағат саны 12,5. Инварианттық оқу жүктемесі-9,5; әліппе, ана тілі -3 сағат, математика-4 сағат, цифрлық сауаттылық-0,5 сағат, жаратылыстану-1сағат, дүниетану-1сағат. Вариативтік оқу жүктемесінен дамытушылық сипаттағы жеке сабақтарға 3 сағат, «Ұлттық ойындар»-1 сағат, «Шахмат»-1сағат, «Математикалық логика»-1 сағат бөлінген, оқу жұмыс жоспарының білім мазмұны баланың мүмкіндіктерін, ерекшеліктерін, сырқаттың сипатын есепке ала отырып жасалған.

Мектеп директорының 05.09.2022ж. №56 бұйрығымен 1 в класс оқушысы Р.Ерғазиевті үйден оқыту үшін бастауыш пән мұғалімі С.Жубанышеваға 12 сағат, информатика пән мұғалімі Э.Жонысоваға цифрлық сауаттылық 0,5 сағат жүктемесі бекітілді. Оқу жұмыс жоспарына сәйкес сабақ кестесі жасалған, мектеп директорымен бекітілген.

2022-2023 оқу жылында үйден оқытылатын 1 «В» класс оқушысы Р.Ерғазиевке сабақ беретін мұғалімдер туралы мәлімет:

	Аты жөні	білімі	біліктілік арттыру курсы
1	Жубанышева Сауле Казиевна	Жоғары Ақтөбе пединститут 1990 Бастауыш білім беру	«Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды оқыту мен тәрбиелеудің заманауи технологиялары» 40 сағ. Өрлеу 01.04.2022ж. №0686222 «Бастауыш мектеп пәндерінің күрделі тақырыптарын меңгеру» 80 сағ 10.02.2023ж №0544264
2	Жонысова Эльмира	Жоғары Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеты Информатика	Информатика мұғалімінің кәсіби күзіреттілігін арттыру курсы 24.02. 2023ж № 0544476

Инвариантты және вариативтік белсенді – қозғалмалы сипаттағы жеке сабақтардың барлық элементтері мемлекеттік бағдарламалармен қамтамасыз етілген. Күнтізбелік-тақырыптық жоспарларда сабақтардың күндері, сабақ тақырыптары, тақырыпқа сәйкес сағаттарының саны белгіленген, уақтылы электрондық журналға жүктелген. Оқыту барысында пәндерді оқытудың көрнекі әрекеттік әдістері қолданылған, сабақтар көбіне аралас сабақ түрінде ұйымдастырылған., 1 «в» класс оқушысы Р.Ерғазиевтің денсаулығына байланысты 09.11.2022 ж. №386 аудандық ДҚК шешімі негізінде шығарылған мектеп директорының 09.11.2022 ж. №70 бұйрығына сәйкес Р.Ерғазиев 2022-2023 оқу жылының аяғына дейін үйден оқытылған.

4.7	<p><b>ҮОЖ сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарын іске асыру;</b></p> <p>1-11 сыныптар үшін вариативтік компонентінен элективті курстар мен жеке және топтық жұмыстарды жүргізуге төмендегі мақсатта сағаттар берілді.</p> <p><b>2020-2021 оқу жылында</b> ЖББ ҮОЖ сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарын іске асыру үшін вариативтік компонент есебінен курстар өткізілді. 9- сыныпта үлгілік оқу жоспарының вариативтік компоненті есебінен «Зайырлық және дінтану негіздері» факультативтік курсы міндетті түрде оқыту үшін аптасына 1 сағат, оқу жылында-34 сағат бөлінді. Бұл курсты ҚР Білім және ғылым министрінің 15 шілде 2014 жылғы 281 бұйрығымен бекіткен үлгілік оқу бағдарламасы бойынша жүргізілді. ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген оқу бағдарламасы бойынша «Абайтану» (9-11 сыныптарда таңдау курсы оқытылды).</p> <p>Жалпы білім беретін оқу орнының типтік оқу жоспарына сай мектеп және оқушы компонентінде және жаңартылған мазмұндағы білім беру бағдарламасы негізінде таңдауы бойынша сабақтар және белсенді –қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтарға 1-4 сыныптарға вариативтік компоненттен</p> <p>1 «а» сыныбына «Ұлттық ойындар»-1 сағат, «Белсенді-қозғалмалы ойындар»-1сағат; 1 «ә» сыныбына «Ұлттық ойындар»-1 сағат, «Белсенді-қозғалмалы ойындар»-1сағат; 1 «б» сыныбына «Ұлттық ойындар»-1 сағат, «Белсенді-қозғалмалы ойындар»-1сағат; 2 «а» сыныбына «Сандар әлемі»-1 сағат, «Ұлттық ойындар»-1 сағат; 2 «ә» сыныбына «Қызықты математика»-1 сағат, «Ұлттық ойын»-1 сағат; 2 «б» сыныбына «Таңғажайып математика»-1 сағат, «Ұлттық ойын»-1 сағат; 3 «а» сыныбына «Қызықты математика»-1 сағат, «Белсенді-қозғалмалы ойындар»-1 сағат, «Ойналық та ойлайық»-1 сағат;</p>
-----	--

3 «ә» сыныбына «Өлкемнің ерекшелігі»-1 сағат, «Белсенді-қозғалмалы ойындар»-1 сағат, «Ойналық та ойлайық»-1 сағат;

3 «б» сыныбына «Өлкемнің ерекшелігі»-1 сағат, «Белсенді-қозғалмалы ойындар»-1 сағат, «Ойналық та ойлайық»-1 сағат;

3 «в» сыныбына «Ғажайып математика»-1 сағат, «Белсенді-қозғалмалы ойындар»-1 сағат, «Ойналық та ойлайық»-1 сағат;

4 «а» сыныбына «Математика ойлы әлем»-1 сағат, «Ұлттық ойын»-1 сағат, «Ойналық та ойлайық»-1 сағат;

4 «ә» сыныбына «Таңғажайып математика»-1 сағат, «Белсенді-қозғалмалы ойындар»-1 сағат, «Ойналық та ойлайық»-1 сағат;

4 «б» сыныбына «Таңғажайып математика ойлы әлем»-1сағат, «Ұлттық ойын»-1 сағат, «Ойналық та ойлайық»-1 сағат.

**Барлық апталық сағаты 1-4 сыныптарда 33 сағат, жылдығы 1116 сағат.**

**Элективті, жеке және топтық сабақтар 5-9 сыныптар бойынша төмендегідей:**

5 «а» сыныбында «Робототехника»-1 сағат, «Математикалық есептеулер»-1 сағат, «Шахмат курсы»-1 сағат

5 «ә» сыныбында «Робототехника»-1 сағат, «Математикалық есептеулер»-1 сағат, «Шахмат курсы»-1 сағат

5 «б» сыныбында «Робототехника»-1 сағат, «Математикалық есептеулер»-1 сағат, «Шахмат курсы»-1 сағат

6 «а» сыныбында «Сөз өнері»-1 сағат, «Математикалық есептеулер»-1 сағат, «Дәрілік өсімдіктер»-1сағат, «Шахмат»-1 сағат;

6 «ә» сыныбында «Робототехника»-1 сағат, «Шешендік өнер»-1 сағат, «Дәрілік өсімдіктер»-1сағат, «Шахмат»-1 сағат;

6 «б» сыныбында «Математикалық есептеулер»-1 сағат, «Дәрілік өсімдіктер»-1сағат, «Слово и его значение»-1 сағат, «Робототехника»-1 сағат;

6 «в» сыныбында «Морфология»-1 сағат, «Математикалық есептеулер»-1 сағат, «Экология»-1сағат, «Шахмат»-1 сағат;

7 «а» сыныбында «Табиғат жаратылысының құпиялары» -1сағат, «Шешендік өнер»-1 сағат;

7 «ә» сыныбында «Математикалық есептеулер»-1 сағат, «Шахмат» -1 сағат;

7 «б» сыныбында «Физика және табиғат»-1 сағат, «Тоғызқұмалақ»-1 сағат;

8 «а» сыныбында «Мазмұнды есептер шығару»-1 сағат, «Физика пәніне қос тілде оқыту заман талабы»-1 сағат, «Шахмат» -1 сағат

8 «ә» сыныбында «Жер қабықтары»-1 сағат, «Физика пәніне қос тілде оқыту заман талабы»-1 сағат, «Шахмат»-1 сағат;

8 «б» сыныбында «Мазмұнды есептер шығару»-1 сағат, «Шахмат»-1 сағат, «Физика заңдылықтары»-1 сағат;

9 «а» сыныбында «Физика пәніне қос тілде оқыту заман талабы»-1сағат, «Абайтану»-1 сағат, «Зайырлылық және дінтану»-1 сағат, «Тоғызқұмалақ»-1 сағат;

9 «ә» сыныбында «Физика пәніне қос тілде оқыту заман талабы»-1сағат, «Абайтану»-1 сағат, «Зайырлылық және дінтану»-1 сағат, «Мазмұнды есептер шығару»-1 сағат;

**Барлық апталық сағаты 5-9 сыныптарда 514 сағат, жылдығы 17476 сағат.**

**Жеке және топтық сабақтар 10-11 сыныптар бойынша төмендегідей:**

10 «а» сыныбында «Алғашқы әскери және дайындық технологиясы»-1 сағат, «Абайтану»-1 сағат, «Графика және жобалау»-1 сағат, «География әлемі»-1 сағат, «Мазмұнды есептер шығару»-1сағат, «Биофизика»-1 сағат,

10 «ә» сыныбында «Алғашқы әскери және дайындық технологиясы»-1 сағат, «Абайтану»-1 сағат, «Графика және жобалау»-1 сағат, «Дүниежүзілік тарих. (Әлем өркениетінің ерекшеліктері)»-1 сағат, «Жасушалық теория.(Биология пәніне ағылшын тілін кіріктіре оқыту)»-1 сағат, «Математикадан қиын есептерді шығару»-1 сағат.

10 «б» сыныбында «Алғашқы әскери және дайындық технологиясы»-1 сағат, «Химия есептері»-1 сағат, «Графика және жобалау»-1 сағат, «Дүниежүзілік тарих. (Әлем өркениетінің ерекшеліктері)»-1 сағат, «Жасушалық теория.(Биология пәніне ағылшын тілін кіріктіре оқыту)»-1 сағат, «Математикадан қиын есептерді шығару»-1 сағат,

11 «а» сыныбында «Абайтану»-1 сағат, «Графика және жобалау»-1 сағат, «Химия есептері»-1 сағат, «Биология-болашақ мамандық»-1 сағат, «Математикадан қиын есептерді шығару»-1 сағат, «Әлемдік экономиканың ерекшеліктері»-1 сағат;

11 «ә» сыныбында «Абайтану»-1 сағат, «Графика және жобалау»-1 сағат, «Химия есептері»-1 сағат, «Әлемдік экономиканың ерекшеліктері»-1 сағат, «Географияға шолу»-1 сағат, «Математикалық қиындығы жоғары есептерді шығару»-1 сағат.

**Барлық апталық сағаты 10-11 сыныптарда 30 сағат, жылдығы 1020 сағат.**

2020-2021 оқу жылында вариативтік сағаттар жалпы сабақ кестесінде көрсетілген.

### **2021-2022 оқу жылында**

Жаңартылған мазмұндағы білім беру бағдарламасы негізінде 1-4 сыныптар үшін таңдауы бойынша сабақтар және белсенді –қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар 1-4 сыныптарда қазақтың ұлттық ойындарын үйрету, оқушылардың белсенділігін арттыру, білім және білік дағдыларын игерту шығармашылық қабілеттерін дамыту, ойын арқылы қозғалыс және ойлау әрекетін белсендіру, рухани және дене күштерін дамыту, шапшандыққа, тапқырлыққа баулу мақсатында бөлінген сағаттар төмендегідей:

2 «а» сыныбына «Ұлттық ойындар»-1 сағат;

2 «ә» сыныбына «Ұлттық ойындар»-1 сағат;

2 «б» сыныбына «Ұлттық ойындар»-1 сағат;

3 «а» сыныбына «Ойналық та ойлайық»-1 сағат;

3 «ә» сыныбына «Ойналық та ойлайық»-1 сағат;

3 «б» сыныбына «Ойналық та ойлайық»-1 сағат;

4 «а» сыныбына «Белсенді-қозғалмалы ойындар»-1 сағат;

4 «ә» сыныбына «Белсенді-қозғалмалы ойындар»-1 сағат;

4 «б» сыныбына «Белсенді-қозғалмалы ойындар»-1 сағат;

4 «в» сыныбына «Белсенді-қозғалмалы ойындар»-1 сағат;

**Барлық апталық сағаты 1-4 сыныптарда 10 сағат, жылдығы 340 сағат.**

5-9 сыныптарында мектептің дайындығына (кадрлық, ресурстық және т.б.) байланысты вариативтік компонент сағаттарының есебінен «Жаһандық құзыреттіліктер» курсы және басқа да элективті курстар алынды. Аталған курс білім алушылардың 21 ғасыр дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі. «Жаһандық құзыреттер» (аптасына 1 сағат) курсына:

5 «а» сыныбында «Парасаттылық және әдеп»-1 сағат; «Шебер қолдар»- 1 сағат;

5 «ә» сыныбында «Парасаттылық және әдеп»-1 сағат; «Тоғыз құмалақ»-1 сағат;

5 «б» сыныбында «Парасаттылық және әдеп»-1 сағат; «Тоғыз құмалақ»-1 сағат;

6 «а» сыныбында «Экология» - 1 сағат; «Математикалық есептер» - 1 сағат;

6 «ә» сыныбында «Экология» - 1 сағат; «Математикалық амалдарды орындау» - 1 сағат;

6 «б» сыныбында «Экология» - 1 сағат; «Математикалық теңдеулер»-1 сағат

7 «а» сыныбында «Эмоционалды интеллект және сыни ойлау»-1 сағат; «Математикалық таңдаулы тақырыптары»-1 сағат;

7 «ә» сыныбында «Эмоционалды интеллект және сыни ойлау»-1 сағат; «Қолөнер»- 1 сағат;  
7 «б» сыныбында «Эмоционалды интеллект және сыни ойлау»-1 сағат; «Ұлттық қолөнер»- 1 сағат;  
7 «в» сыныбында «Эмоционалды интеллект және сыни ойлау»-1 сағат; «Шахмат»-1 сағат;  
8 «а» сыныбында «Медиасауаттылық»-1 сағат; «Шахмат»-1 сағат;  
8 «ә» сыныбында «Медиасауаттылық»-1 сағат; «Математикалық есептер» - 1 сағат;  
8 «б» сыныбында «Медиасауаттылық»-1 сағат; «Шахмат»-1 сағат;  
9 «а» сыныбында «Зайырлылық және дінтану негіздері»-1 сағат; «Абайтану» - 1 сағат;  
9 «ә» сыныбында «Зайырлылық және дінтану негіздері»-1 сағат; «Абайтану» - 1 сағат;  
9 «б» сыныбында «Зайырлылық және дінтану негіздері»-1 сағат; «Абайтану» - 1 сағат;  
**Барлық апталық сағаты 5-9 сыныптарда 32 сағат, жылдығы 1088 сағат.**

10- сыныптар үшін вариативтік компонентінен жаһандық құзыреттілік және элективті курстар жүргізуге төмендегі сағаттар берілді

10 «а» сыныбында «Жаһандық құзыреттіліктер (Кәсіпкерлік және бизнес негіздері)» -1 сағат, «Алғашқы әскери және технологиялық даярлық»-1 сағат, «Абайтану»-1 сағат, «Шахмат»-1 сағат;  
10 «ә» сыныбында «Жаһандық құзыреттіліктер (Кәсіпкерлік және бизнес негіздері)» -1 сағат; «Алғашқы әскери және технологиялық даярлық»-1 сағат, «Абайтану»-1 сағат, «Мазмұнды есептер шығару» -1 сағат.

**Барлық апталық сағаты 10 сыныптарда 8 сағат, жылдығы 272 сағат.**

11- сыныптар үшін вариативтік компонентінен жеке және топтық сабақтарды жүргізуге төмендегі сағаттар берілді.

11 «а» сыныбында «Шахмат»- 1 сағат, «Абайтану»-1 сағат, «Графика және жобалау»- 1 сағат, «Әлемдік география»-1 сағат, «Математикалық сауаттылыққа байланысты есептер» -1 сағат, «Физика болашақ мамандықта»- 1 сағат;  
11 «ә» сыныбында «Мазмұнды есептер шығару»- 1 сағат, «Химиялық есептер шығару» - 1 сағат, «Әлемдік экономиканың ерекшеліктері» - 1 сағат, «Биология-болашақ мамандық»-1 сағат, «Графика және жобалау»-1 сағат, «Абайтану» - 1 сағат.

**Барлық апталық сағаты 11 сыныптарда 12 сағат, жылдығы 408 сағат.**

2021-2022 оқу жылында жаңартылған мазмұндағы білім беру бағдарламасы негізінде вариативтік компоненттік бөлімнен 1-11 сыныптарға апталық жүктеме 62 сағат, жылдық 2108 сағат.

### **2022-2023 оқу жылы**

2022-2023 оқу жылында жаңартылған мазмұндағы білім беру бағдарламасы негізінде белсенді – қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар 1-4 сыныптарда оқушылардың логикалық ойлауын қалыптастыру, математикалық білім, білік дағдыларын игерту, шығармашылық қабілеттерін дамыту, ойын арқылы қозғалыс және ойлау әрекетін белсендіру, шапшандыққа, сандық ақпараттарды қолдануға, тапқырлыққа баулу мақсатында бөлінген сағаттар:

1 «а» сыныбына «Қызықты математика»-1 сағат,  
1 «ә» сыныбына «Ғажайып математика»-1 сағат;  
1 «б» сыныбына «Математика күнделікті өмірде»-1 сағат  
1 «в» сыныбына «Математикалық логика»-1 сағат,  
2 «а» сыныбына «Математика күнделікті өмірде»-1 сағат,  
2 «ә» сыныбына «Математикалық сауаттылық»-1 сағат  
2 «б» сыныбына «Математика әлемі»-1 сағат  
2 «в» сыныбына «Логика әлемі» - 1 сағат  
3 «а» сыныбына «Математика және логика»-1 сағат  
3 «ә» сыныбына «Сиқырлы сандар»-1 сағат  
3 «б» сыныбына «Математикалық жобалар» -1 сағат

4 «а» сыныбына «Шытырман есептер»-1 сағат  
4 «ә» сыныбына «Қызықты есептер»-1 сағат  
4 «б» сыныбына «Қызықты математика»-1 сағат

**Барлық апталық сағаты 1-4 сыныптарда 14 сағат, жылдығы 500 сағат.**

2022-2023 оқу жылында жалпы білім беретін мектептердің 5-9 сыныптарында мектептің дайындығына (кадрлық, ресурстық және т.б.) байланысты вариативтік компонент сағаттарының есебінен «Жаһандық құзыреттер» курсы алынды. Аталған курс білім алушылардың жаһандық азаматтық құзіреттілікке ие, бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру мақсатында «Жаһандық құзыреттіліктер» 5-8- сыныптар аптасына 0,5 сағат, 9- сыныпта «Жаһандық құзыреттер» курсына «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнінің бағдарламасымен оқытуға 1 сағат берілді.

5 «а» сыныбында «Жаһандық құзыреттер»-0,5 сағат;  
5 «ә» сыныбында «Жаһандық құзыреттер»-0,5 сағат;  
5 «б» сыныбында «Жаһандық құзыреттер»-0,5 сағат;  
5 «в» сыныбында «Жаһандық құзыреттер»-0,5 сағат;  
6 «а» сыныбында «Жаһандық құзыреттер»-0,5 сағат;  
6 «ә» сыныбында «Жаһандық құзыреттер»-0,5 сағат;  
6 «б» сыныбында «Жаһандық құзыреттер»-0,5 сағат;  
7 «а» сыныбында «Жаһандық құзыреттер»-0,5 сағат;  
7 «ә» сыныбында «Жаһандық құзыреттер»-0,5 сағат;  
7 «б» сыныбында «Жаһандық құзыреттер»-0,5 сағат;  
8 «а» сыныбында «Жаһандық құзыреттер»-0,5 сағат;  
8 «ә» сыныбында «Жаһандық құзыреттер»-0,5 сағат;  
8 «б» сыныбында «Жаһандық құзыреттер»-0,5 сағат;  
8 «в» сыныбында «Жаһандық құзыреттер»-0,5 сағат;  
9 «а» сыныбында «Жаһандық құзыреттер» (Зайырлылық және дінтану негіздері)-1 сағат  
9 «ә» сыныбында «Жаһандық құзыреттер» (Зайырлылық және дінтану негіздері)-1 сағат  
9 «б» сыныбында «Жаһандық құзыреттер» (Зайырлылық және дінтану негіздері)-1 сағат

**Барлық апталық сағаты 5-9 сыныптарда 10 сағат, жылдығы 360 сағат.**

2022-2023 оқу жылында жалпы білім беретін мектептердің 10-11 сыныптарында мектептің дайындығына (кадрлық, ресурстық және т.б.) байланысты вариативтік компонент сағаттарының есебінен «Жаһандық құзыреттер» курсы «Кәсіпкерлік және бизнес негіздеріне» 1 сағаттан берілді. Мақсаты: кәсіпкерлік негіздерін, қаржылық сауаттылықты үйрету, кәсіпкерлік ойлау дағдыларын меңгерту. Элективті курстар жаратылыстану-математика пәндерінен «Микробиология және биотехнология», «Физикадан қиындағы жоғары есептерді шығару жолдары», «Микробиология және жасушалық цикл», «Физика есептері мен жолдары», «Генетика және селекция негіздері», «Физикадан қиындағы жоғары есептерді шығару жолдары», «Физикадан күрделілігі жоғары есептерді шығару жолдары», «Математикалық сауаттылық есептерін шығару» курстарына берілді. Аптасына 1 сағаттан.

10 «А» сыныбында «Жаһандық құзыреттер»-1 сағат, «Микробиология және биотехнология» - 1 сағат, «Физикадан қиындағы жоғары есептерді шығару жолдары» - 1 сағат.  
10 «ә» сыныбында «Жаһандық құзыреттер»-1 сағат, «Микробиология және жасушалық цикл»-1 сағат, «Физика есептері мен жолдары»-1 сағат.



	<p>10 «б» сыныбында «Жаһандық құзыреттер»-1 сағат, «Генетика және селекция негіздері» - 1 сағат, «Физикадан қиындағы жоғары есептерді шығару жолдары» - 1 сағат.</p> <p>11 сыныпта «Жаһандық құзыреттер»-1 сағат, «Физикадан күрделілігі жоғары есептерді шығару жолдары»-1 сағат, «Математикалық сауаттылық есептерін шығару»-1 сағат.</p> <p><b>Барлық апталық сағаты 10-11 сыныптарда 12 сағат, жылдығы 432 сағат.</b></p> <p>2022-2023 оқу жылында жаңартылған мазмұндағы білім беру бағдарламасы негізінде вариативтік компоненттік бөлімнен <b>1-11 сыныптарға апталық жүктеме 36 сағат, жылдық 1292 сағат.</b> 2021-2022, 2022-2023 оқу жылы электронды күнделіктің ҚББ бөліміне жазылып, электронды күнделіктің журналдағы сабақ кестесіне енгізіліп іске асырылған.</p>
4.8	<p><b>«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсы</b></p> <p>2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарында білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығының 14 тармағы 24 тармақшасы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамызындағы № 348 бұйрығының 2-қосымша 2-тарау 25 тармақшасын орындау мақсатында 1-4-сыныптарда "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсы міндетті меңгеру қамтамасыз етілді. Оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда "Дүниетану" оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3-сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырды.</p> <p>Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығының 75 тармағы 6 тармақшасы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамызындағы № 348 бұйрығының 3-қосымша 4-тарау 56- тармақшасын орындау мақсатында "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсының мазмұны 5-9-сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылды. "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізілді.</p> <p>81 тармағын орындау мақсатында "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсының мазмұны "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысының оқытуымен іске асырылды. Өмір қауіпсіздігінің негіздерін оқыту сабақтары міндетті болып табылады және оқыту уақытында жүргізілді. "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсының мазмұны сынып журналына жазылды.</p>
4.9	<p><b>«Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсы</b></p> <p>2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарында білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығының 14 тармағы 25 тармақшасын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамызындағы № 348 бұйрығының 2-қосымша 2-тарау 26 тармағын орындау мақсатында</p> <p>1-4-сыныптарда "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсы міндетті меңгеру қамтамасыз етілді орындау мақсатында «Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұнын</p> <p>1 – 4 сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырды.</p> <p>Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығының</p>

14 тармағы 35 тармақшасын орындау мақсатында 5-8- сыныптарда «Жолда жүру ережелері» оқу курсы сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізіледі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамызындағы № 348 бұйрығының 2-қосымша 2-тарау 26 тармағын орындау.2021-2022,2022-2023 оқу жылында «Жолда жүру ережелері» кіріктірілген оқу бағдарламасы сынып сағаттарының есебінен және сыныптан тыс уақытта жүргізілді және тақырыбы мен мерзімі тәрбие сағатының тақырыбының тақырыбы мен мерзіміне кіріктіріліп толтырылды

4.1 0 **Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар:**

**білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінің сәйкестігі және сақталуы;**  
**Білім алушылардың инвариантты және вариативті компонентін (арнайы білім беру ұйымы үшін түзету компоненті) құрайтын оқу жүктемесінің жалпы көлемінің, сондай-ақ ҰОЖ-мен белгіленген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкестігі және сақталуы;**

2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығының негізінде 1-11 сыныптардың оқу жүктемесінің жалпы көлемі төмендегідей:

Оқу жылы	1класс	2 класс	3 класс	4 класс
2020-2021	24	25	29	29
2021-2022	22,5	24	27	27
2022-2023	19,5	24	26	26
Оқу жылы	5 класс	6 класс	7 класс	8 класс
2020-2021	32	33	34	36
2021-2022	31	31	34	35
2022-2023	28,5	28,5	31,5	32,5
Оқу жылы	9 класс	10 класс	11 класс	
2020-2021	38	39	39	
2021-2022	36	37	39	
2022-2023	34	35	35	

Білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің сыныптағы және сыныптан тыс (факультативті, жеке және топтық сабақтары) оқу жұмыстарының барлық түрлерін қоса алғандағы ең жоғары көлемі орта білім берудің жалпы орта мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес. 2020-2021 оқу жылдары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығының 2-қосымшасы 3 тарау §1 40-тармағы (40. Бастауыш мектептегі білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі 29 сағаттан аспайды.)-1-3 кластарда, §2 44-тармағы (44.Білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі сыныптағы және сыныптан тыс (дамыту сипатындағы жеке және топтық сабақтар) оқу жұмыстарының барлық түрлерін қоса алғанда, 4-сыныпта – 29 сағаттан аспауы тиіс) -4 сыныпта, 3-қосымшасы тарау §1, 54-тармағы (54. Негізгі орта білім беру деңгейіндегі білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі 5-сыныпта – 32 сағаттан, 6-сыныпта – 33 сағаттан, 7-сыныпта – 34 сағаттан, 8-сыныпта – 36 сағаттан, 9 сынып 36

сағаттан аспауы тиіс. 3 тарау §2, 59-тармағы (Білім алушылардың барлық сыныптағы және сыныптан тыс (факультатив, жеке және үйірме жұмыстарының) апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі сыныптағы және сыныптан тыс (факультативті, жеке және үйірме сабақтары) оқу жұмыстарының барлық түрлерін қоса алғанда, 10-11-сыныпта – 39 сағаттан аспауы тиіс). Білім алушылардың инвариантты және вариативті компонентін құрайтын оқу жүктемесінің жалпы көлемінің, сондай-ақ ҮОЖ-мен белгіленген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесіне сәйкес және көлемі сақталды (көшірмесі берілді). 2021-2022 оқу жылында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығының 2-қосымшасы 3 тарау §1 40-тармағы (40. Бастауыш мектептегі білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі 29 сағаттан аспайды.)-1-3 кластарда, §2 44-тармағы (44. Білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі сыныптағы және сыныптан тыс (дамыту сипатындағы жеке және топтық сабақтар) оқу жұмыстарының барлық түрлерін қоса алғанда, 4-сыныпта 29 сағаттан аспауы тиіс.) -4 сыныпта, 3-қосымшасы 3 тарау §1, 54-тармағы ( 54. Негізгі орта білім беру деңгейіндегі білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі 5-сыныпта – 32 сағаттан, 6-сыныпта – 33 сағаттан, 7-сыныпта – 34 сағаттан, 8-сыныпта – 36 сағаттан, 9 сыныпта-36 сағаттан аспауы тиіс, 3 тарау §2, 59-тармағы (Білім алушылардың барлық сыныптағы және сыныптан тыс (факультатив, жеке және үйірме жұмыстарының) апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі сыныптағы және сыныптан тыс (факультативті, жеке және үйірме сабақтары) оқу жұмыстарының барлық түрлерін қоса алғанда, 10-11-сыныпта – 39 сағаттан аспауы тиіс) – 10-11 кластарда талаптары сақталған. Білім алушылардың инвариантты және вариативті компонентін құрайтын оқу жүктемесінің жалпы көлемінің, сондай-ақ ҮОЖ-мен белгіленген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесіне сәйкес және көлемі сақталды. 2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығының 1 қосымшасы оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарына сәйкес инварианттық және вариативтік оқу жүктемесі 1 -сыныпта-19,5, 2 -сыныпта-24, 3- сыныпта-26, 4- сыныпта-26сағаттан аспайды. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығының 6 қосымшасына сәйкес оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарына сәйкес инварианттық және вариативтік оқу жүктемесі 5- сыныпта-28,5 6 сыныпта-28,5, 7-сыныпта-31,5, 8 сыныпта-32,5, 9-сыныпта-32,4сағаттан аспайды. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығының 86 қосымшасына сәйкес оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математика бағыты бойынша жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарына сәйкес инварианттық және вариативтік оқу жүктемесін қоса алғанда 10-11 сыныпта-35 сағаттан аспайды. Білім алушылардың инвариантты және вариативті компонентін құрайтын оқу жүктемесінің жалпы көлемі, сондай-ақ ҮОЖ-мен белгіленген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесіне сәйкес және көлемі сақталған. Оқу жұмыс жоспарында көрсетілген (көшірмесі берілген).

**Сыныптарды, оның ішінде инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, топтарға бөлуге қойылатын талаптарды сақтау.**

#### **2020-2021 оқу жылы**

ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (2020 жылғы 5 мамырдағы №182 өзгерістер мен толықтырулар енгізілген); сәйкес бастауыш сыныптарда 1а,ә,б,2а,ә,б,3а,ә,б,4а,ә,б сыныптарда 20 және одан да көп білім алушы болуына байланысты: 1) орыс тілі; 2) шетел тілі(ағылшын); 3)өзін-өзі тану; 4)3а,ә,б,в сыныптарында АКТ топқа бөлініп оқытылды. 5а,ә,б, 6б-сыныптары орыс тілі мен әдебиеті және шетел тілі(ағылшын),информатика, көркем еңбек,дене шынықтыру

пәндерінен бөлінеді.ба,ә,в-сыныптарында көркем еңбек пен информатика екіге бөлініп оқытылды. 7а,ә-сыныптарында көркем еңбек пәні топқа бөлінді.7б,8а,ә,б- көркем еңбек пен информатика,орыс тілі ,шетел тілі екіге бөлініп оқытылды. 8б- сынып орыс тілі мен әдебиеті және шетел тілі(ағылшын),информатика, көркем еңбек пәндерінен бөлінді. 9а,б-сыныбы көркем еңбек екіге бөлініп оқытылды.

**2021-2022 оқу жылы**«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылығы 5 мамырдағы №182 бұйрығының 57-тармағына сәйкес орыс тілі 1а,ә,4а;өзін-өзі тану 2а,ә,б,3а,ә,б,4а; шетел тілі 1а,2а,ә,3а,ә,б; цифрлық сауаттылық 1а,ә,3а,ә,б,4а сыныптарында топқа бөлініп оқытылды.

«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылығы 5 мамырдағы №182 бұйрығының 57-тармағына сәйкес информатика 5а,ә,б,6а,ә,б,7б,8б,9а,ә,11ә; көркем еңбек 5а,ә,б,6а,ә,б,7б,8б,9а,б; дене шынықтыру 5а,ә,б,6а,ә,б,7б,8б,9а,б,11ә;орыс тілі мен әдебиеті 5а,ә,7б,9а; шетел тілі 5а,ә,б,6а,ә,б,7б,8б,9а,б,11ә сыныптарында топқа бөлініп оқытылды.

**2022-2023 оқу жылы**

Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес (Қазақстан Республикасы Оқу -ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348,2022 жыл 23.09 № 406 бұйрығы) жалпы білім беретін білім беру ұйымдарында сыныпты екі топқа бөлу сыныптарда 24 және одан да көп білім алушылар болған кезде жүзеге асырылады: 1) қазақ тілінде оқытылатын сыныптардағы орыс тіліне; 2) шетел тіліне; 3) цифрлық сауаттылық (1-сыныптан басқа) негізінде жүзеге асырылды. 2а,ә,в,3а,ә,б,4а,ә,б –информатика пәнінен топқа бөлінді.Сыныпты екі топқа бөлуге жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша білім беру ұйымдарында орыс тілі пәнінен сыныпта 24 және одан да көп білім алушы болғанда барлық орыс тілінде оқытпайтын сыныптарда екіге бөлу қарастырылуына сәйкес, 4а,ә,б –сыныптары орыс тілі пәнінен топқа бөлінді.

Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (Қазақстан Республикасы Білім беру министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы) сәйкес білім беру ұйымдарында сыныпты екі топқа бөлу Қазақстан Республикасының Білім беру саласындағы заңнамасына сәйкес 24 және одан да көп білім алушы болғанда: 1) «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні оқыту қазақ тілінде оқытылатын сыныптардағы орыс тілі; 2) шетел тілдері; 3) көркем еңбек; 4) информатика екіге бөлініп оқытылады. ба,ә-сынып орыс тілі мен әдебиеті және шетел тілі(ағылшын),информатика,көркем еңбек пәндерінен бөлінеді.бб-сыныбы көркем еңбек пен информатика екіге бөлініп оқытылады. 7а,ә,б-сыныптары көркем еңбек пен информатика пәндерінен топқа бөлінеді.8а- көркем еңбек пен информатика екіге бөлініп оқытылады. 8б- сынып орыс тілі мен әдебиеті және шетел тілі(ағылшын),информатика, көркем еңбек пәндерінен бөлінеді.9а,б-сыныбы көркем еңбек пен информатика екіге бөлініп оқытылады.

Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы No 348 бұйрығы) сәйкес білім беру ұйымдарында сынып 24 оқушымен толтырылған, немесе одан да көп кезде екі топқа бөлінді: 1) қазақ тілі мен әдебиеті – қазақ тілінде оқытатын сыныптарда; 3) шет тілі; 4) информатика. 10а,б-сынып информатикадан топқа бөлінді.11-сынып орыс тілі мен әдебиеті және шетел тілі(ағылшын),информатика пәндерінен топқа бөлінді

4.1 Оқу мерзіміне өлшемшарттар:

1 Тиісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптарды сақтау;  
сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және күнтізбелік жылдағы каникул

### **уақытының ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтау.**

Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі – төрт жыл. Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі – бес жыл. Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын игеру мерзімі – екі жыл.

Каникулдар оқу жылында үш рет – күзде, қыста және көктемде беріледі. 1-сыныптың білім алушылары үшін үшінші тоқсанда ұзақтығы бір апта болатын қосымша каникул уақыты беріледі 2020-2021 оқу жылында каникул кезеңдері «Орта білім беру ұйымдарында 2020-2021 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 тамыздағы №340 бұйрығы негізінде ұйымдастырылды:

1-11(12) – сыныптарда: күзгі каникул – 10 күн (2020 жылғы 5-14 қараша аралығында), қысқы – 11 күн (2020 жылғы 31 желтоқсан мен 2021 жылғы 10 қаңтар аралығында), көктемгі -12 күн (2021 жылғы 20-31 наурыз аралығында); 1-сыныптарда: қосымша каникул – 7 күн (2021 жылғы 8-14 ақпан аралығында).

